
Айыртау

Айыртау

УДК 070
ББК 76.01А 31
А 31 **Айыртау** / Құраст. - шығармашылық топ. - 2009. - 192 б.

ISBN 978-601-7029-32-6

Қазақ тарихының терең қойнауына енген туған өлкеміздің кешегісі мен ауданымыздың Тәуелсіз Қазақ елінің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан бүгінін, елі үшін бойындағы өнері мен білімін, қажыры ман қайратын, мұқалмас ерік-жігерін жұмсай білген атақты адамдары мен халық құрметіне бөленген, бүгінгі күні көзі тірі ардақты азаматтарымыз туралы тағлымы мол дүниелерді кітап етіп, оқырман қауым мен елжанды ұрпаққа мұра етіп қалдыруды жөн көрдік.

48732

УДК 070
ББК 76.01

А $\frac{4501000000}{00\ (05)\text{-}09}$

ISBN 978-601-7029-32-6

© Айыртау, 2009

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

«Солтүстік Қазақстан облысы өте зор мүмкіндіктерге ие және барлық жігерлі бастамаларды өмірде жүзеге асыруға қабілетті. Қазірдің өзінде-ақ сіздердің облыстарыңыздың елдің ең ырғақты дамып отырған аймақтарының бірі екендігіне сенімдімін»

Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев

«...Біз өзіміздің облыста елімізде жасалған қолайлы мүмкіндіктерді барынша пайдалануға тырыстық және бүгінде біздің өңіріміздің маңызды әлеуеті талап етілген және тиімді іске қосылған...»

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Серік Біләлов

Айыртау ауданының әкімі
Ержан Айнабеков

Арайлы Айыртау

Арайлы Айыртау Солтүстік өңірдің көгілдір таулары мен әсем көлдері аясына қоныстанған көрікті аудан. Оның сұлу табиғатын ақиық ақын, «қазақ поэзиясының Құлагері» атанған Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында:

«Қазақтың әсем жері Арқасында,
Арқаға жетер Арал, Балқашың ба?
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар,
Арқаның тізілгендей алқасына», - деп сұлу сөзбен сүйсіне жырлаған.

Өмірге Қазақ тарихында «аққан жұлдыздай» жарқ еткен ғұлама-ғалым Шоқанды, елді асқақтаған әнімен, өнерімен сүйсінткен, күнделікті тірлікті сұлу етіп сүре білген Ақан серіні, аспандағы аққудың сұңқылына әнін қосқан Үкілі Ыбырайды, от ауызды, орақ тілді дүлдүл, айтыс ақыны Орынбайды дүниеге әкелген киелі өңірді қалайша тегін деп айтарсың.

Айтулы азаматтарымен, алғыр ұлдарымен Айыртау елінің атақ-даңқы ертеден-ақ елге мәлім. Айыртау Кеңес Одағының 12 батыры мен 9 Социалистік Еңбек Ері туылған құт мекен.

Өңіріміздің тарихи мұраларға бай екенін мақтаныш сезіммен айта аламыз. Қарасай-Ағынтай батырлар кесенесі, Сырымбеттегі Шоқан Уәлиханов атындағы тарихи-этногра-

фиялық мұражай, Айғаным қонысы, Ботайдағы ежелгі адамдар мекені, Кеңащыдағы «Ақан сері» композициясы туризмге сұранып тұрған құнды жәдігерлеріміз болып табылады.

Кезінде киелі өңірден Бәйкен Әшімов, Еркін Әуелбеков, Қажахмет Балахметов, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов, Ғалым Елемесов секілді халқымыздың көш бастаған ардақты ұлдары түлеп ұшқанын біз әрқашан мақтанышпен айта аламыз. Ауданымыздан 12 айтыс ақыны шығып, өңіріміздің жақсы атын шығарып, жұлдызын жаққанын ел ұмытқан жоқ. Солардың ішінде дүлдүл ақын Үкілі Ыбырайдың немересі Мұса Асайынов, Байжұман Ғабдуллин, Қабдыраш Кәмәлиев, Совет Қараболатов, Тұяқ Мәкітов, Жұмабай Есекеев, Маман Ементаев есімдерін құрметпен атап өтеміз.

Жоғарыда айтып кеткендей, Отан соғысы жылдарында қаһармандықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткен Кеңес Одағының 12 батыры өшпес ерліктері мен 9 Социалистік Еңбек Ерінің ерен еңбектері өрімдей өрендерімізді патриотизм рухында тәрбиелеуге елеулі ықпал етері де сөзсіз. Қазір арамызда жүрген Социалистік Еңбек Ерлері Тұрлыбек Әбілпейісов, Күлән Бәкібаева, Сүйіндік Есмағанбетовтерге айтар алғысымыз бен көрсетер құрметіміз де шексіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Солтүстік Қазақстан облысының аграрлық секторын дамытуға баса назар аударса, соның ішінде Айыртау ауданының да болғаны бір ғанибет.

Бүгінгі таңда Айыртау ауданы тынысын терең алып, құлашын кең жайып, адымын қарыштай тастап, өз тарихындағы жаңа бір белеске шығу үстінде.

Ауданымыз жыл сайын дәнді дақылдар алқабын ұлғайтып, бітік егін берекелігін арттыруда.

«Златогорка», «Достық Дән», «Кирилловка-Айыртау», «Новосветловка-Әліби», «Гусаковка» ЖШС-тері ауыл шаруашылығы өндірісі саласында оң нәтижелерімен ойымыздан шығып отыр. Ауданда екі шаруашылық мал тұқымын

асылдандырумен айналысады. Мәселен, «Агрофирма Бабық-Борлық» серіктестігі қазақтың ақ бас сиырларын өсірумен айналысса, «Гусаковка» ЖШС-і сүтті қызыл сиырлар өсіруде жақсы көрсеткіштерге жетумен қуантуда.

Бүгінгі күні көптеген өндіріс орындары қайта түлеуде. Сырымбетте қалайы кен байыту кешені салынуда. Құрылыс және кәсіпкерлік салаларында да тың өзгерістер байқалуда.

Өткенін саралай білмеген жұрт келешегін де бағамдай алмайды. Қазақ тарихының терең қойнауына енген туған өлкеміздің кешегісі мен ауданымыздың Тәуелсіз Қазақ елінің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан бүгінін, елі үшін бойындағы өнері мен білімін, қажыры ман қайратын, мұқалмас ерік-жігерін жұмсай білген атақты адамдары мен халық құрметіне бөленген, бүгінгі күні көзі тірі ардақты азаматтарымыз туралы тағлымы мол дүниелерді кітап етіп, оқырман қауым мен елжанды ұрпаққа мұра етіп қалдыруды жөн көрдік.

Айыртау ауданының географиялық жағдайы, жер көлемі, шекаралары, құрамы

Аймағымыздың әсем де көрікті өңірі Айыртау ауданының жер бедері төбелі жазықтарымен, өзен-көл шұңқырларымен, орманды дала және дала өсімдіктерінің әр түрлілігімен ерекшеленеді.

Айыртау ауданы облысымыздың оңтүстігіндегі қоңыр-жай-құрғақ орманды жерде, Көкшетау қыратының батыс бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлік, 1928 жылы құрылған. Аудан аумағы 9,62 мың км^2, яғни облыс аумағының 9,8% құрайды. Жер көлемі жағынан Уәлихан, Тайынша, Ғ. Мүсірепов атындағы аудандардан кейін төртінші орында.

Ауданымыздың солтүстігінде Есіл, шығысында Тайынша, Солтүстік батысында Шал ақын, Батыс және оңтүстігінде Ғабит Мүсірепов аудандарымен шектеседі. Шығысында Айыртау ауданы Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына қарайды және Ақмола облысының Зеренді мен Сандықтау аудандарымен шектеседі.

Ауданымыздың солтүстіктегі ең шеткі нүктесі Светлое селосының солтүстік-батыс жағында орналасса, оңтүстігіндегі ең шетін 52^0 30′ Красново селосының оңтүстігі құрайды. Батыста шеті Тотықұс тауының батыс беткейінен 4 км жерде, яғни Береславка селосына жақын жердегі 67^0 11′ координатта болса, ал шығыс нүктесі 68^0 46′ құрап, Әлжан ауылынан 10 км жерден аяқталады.

Орташа жер бедері теңіз деңгейінен 275 м биіктікте болса, ең жоғары жер бедері ауданымыздың оңтүстік-шығысындағы Жақсыжалғызтау тауы (729м).

Айыртау ауданының жер аумағы батыстан шығысқа қарай 107 км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 145 км-ге созылған.

Физикалық-географиялық жағынан ауданымыздың территориясы ұсақ шоқылы аласа таулы өңір (Сарыарқа) аймағына

қарайды. Ауданымыз уран, вольфрам, темір, қалайы, басқа да сирек кездесетін металл кендеріне және құрылыс материалдарына бай.

Климаты шұғыл континентті. Қаңтардағы орташа температура - 17-18^{0}С, шілдеде 18-19^{0}С. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 300-400 мм. Аудан жерімен Ақанбұрлық, Қарасу, Тайсары, Құрқарағай, Иманбұрлық, Бабықбұрлық және XIX ғасыр ортасында жойылып кеткен Қамысты өзенінен бастау алған Қамысақты өзені ағып жатыр. Жалпы көл саны 20 шақты, оның ішінде ірілері Саумалкөл, Шалқар, Үлкен Қоскөл, Имантау, Жақсыжалғызтау, Айыртау, Байсары.

Топырағы негізінен қара топырақты, шұрайлы жерлер, төменгі жағында сор да кездеседі.

Айыртау ауданы орманды-алқапты аймақ. Мұнда көктерек, қайың, қарағайдың бірнеше түрі кездеседі. Тау бөктерлерінде аралас ормандар, ал тасты жерлерде сирек кездесетін қарағай шоқтары да өсіп-өнуде.

Тарихи анықтама
Географиялық зерттеулер

XIII ғасырдағы моңғол жазбаларында және шығыс ойшылдарының кейбір еңбектерінде Батыс Сібірдің оңтүстік аймақтарының табиғаты туралы жазылған деректер бар. Ол қазіргі біздің аймағымыз болып отыр.

Айыртау ауданының географиялық жағдайын зерттеу XIX ғасырдан басталған болатын. Тіпті II-Екатеринаның кезеңінде де орыстарды біздің аймағымыздың минералды байлықтары қызықтырған. Бірақ жергілікті халықтың көшпелі өмірі, ыңғайлы жолдардың болмауы, табиғат қолайсыздықтары бұл аймақты зерттеуге кедергі жасады.

Біздің өңірді зерттеуге кейіннен көптеген саяхатшылар, оқымыстылар тартылды. Солардың кейбіреулерімен таныстырып өтсек.

1816 жылы көктемде Батыс Сібір генерал-губернаторының

бұйрығымен Көкшетау округінде әскери-зерттеу экспедициясы жасақталды. Экспедицияны Иван Петрович Шангин деген офицер басқарды. Шангиннің жазбасында бұл экспедицияның мақсаты осы аймақтағы таулы жерлерді, өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу, сонымен бірге кен орындарын табу болды. Экспедицияға 200-ге тарта адам, яғни тау шенеуніктері, шеберлер, аудармашылар, дәрігерлер, офицерлер және казактар қатысты.

Шангин экспедициясы Имантау, Айыртау, Жақсыжалғызтау тауларын, Саумалкөл, Шалқар, Байсары көлдерін, Иманбұрлық, Бабықбұрлық өзендерін зерттеп, талдау жүргізген. Сонымен бірге зерттеу жолында кездесіп отырған аймақтар, олардың өсімдік ландшафтарын да зерттеулерінен тыс қалдырмаған.

1816 жылы 20 мамырда Шангин отряды Имантау тауының батысына қарай ойысты. Олар Имантау тауының етегіндегі қарағайлы орманнан ерекше бейнедегі таулы шоқы түрлерін тапты. Шангин қолжазбаларында Логово көлі жайында мынадай сөздер жазылған «мөлдір айдын көлдің бетінде құс атаулының бірнеше түрі өз бейнелерін судан көріп тамашалап жүзіп жүр, ал көл маңайындағы өсімдіктердің өзі ерекше түр беріп, айналаны құлпыртуда».

Ақ қайың арасындағы Жақсыжалғызтау тауы мен көлі де Шангин отрядын бей-жай қалдырмаған. «Бұл көлдегі шортан, шабақ, алабұға сияқты балықтар ірі де дәмді екен» деген жазбалар осының айғағы. Иван Шангин өлкеміздің топонимикасына да ерекше көңіл бөлген. «Қырғыздар өз көлдеріне, тауларына, өзендеріне қандай тамаша ат тауып қояды. Мысалы, Жақсыжалғызтау тауын орысшаға аударсақ «таулардың ішіндегі ең бір жақсысы деген мағына береді екен» делінген.

Айыртау ауданы аумағын толық суреттеу И.Я.Словцовтың «1878 жылы Ақмола облысының Көкшетау уезіне барғандағы сапарда жазылған қолжазбалар» атты еңбегінен де табылды. И.Словцов экспедициясы Жамантаудан Саумалкөл көліне

дейін, одан әрі Айыртау тауынан Имантау және Жақсы-жалғызтау тауларына дейін зерттеу жүргізген. Бұл экспедиция зерттеушілері жергілікті халықты, олардың шаруашылық түрлерін де зерттеген. Тіпті экологиялық жағдайлар да сөз етілген. Соған қарағанда, Словцовтың зерттеулері өте қомақты да тыңғылықты жүргізілген зерттеулер деп айта аламыз.

Кеңес дәуірінде Айыртау ауданының географиялық зерттеулері 40-90 жылдарда минералды ресурстарды зерттеумен байланысты болды. Осындай зерттеулердің нәтижесінде уран, қалайы, вольфрам және басқа да пайдалы қазбалар табылды.

Елді мекендер географиясы

Айыртау жерінің ресурсы мен түрлі табиғат жағдайларының тиімділігіне орай адамдар осы аймаққа қоныстануға ертеден қызыққан.

Аудан елді мекендерінің түп тарихы неолит дәуірінің тамаша ескерткіші - Иманбұрлық өзенінің жағалауында орналасқан «Ботай қонысынан» басталады. Ботай мәдениетін зерттеу профессор В.Ф. Зайберттің басқаруымен 1980 жылдан бастап жүргізіліп келеді. В.Ф. Зайберт Ботай қонысын төрткүл әлемге мәлім етті. Осылайша Ботай ЮНЕСКО-ның тізіміне алынды. Бүгінде одан табылған археологиялық жәдігерлер ғылымдағы ежелгі адамдар өркениеті жайлы түсінік пен тұжырымды тағы бір қырынан дәлелдей түсті.

Ежелгі Ботай қонысының орны

Тоқсаныншы жылдары Ботайда шетел ғалымдарының үлкен жиыны өтті. Оған жиырмадан астам мемлекет ғалымдары келіп қатысты. Оның ішінде АҚШ, Англия, Германия, Қытай, Польша және Иран сияқты елдердің өкілдері Ботай мәдениеті жайлы тарихи деректерге негізделген пікірлер білдірді. Осылайша шетел ғалымдары жер астынан табылған адам мен жылқының сүйектерін саралай келіп, ежелгі адамдар бұл өлкеде 5300 жыл бұрын өмір сүрді деген тұжырымға келді. Ал жылқының қолға үйретілгенін былай қойып, оның өз тамағын қар астынан өзі тауып жейтіні ғалымдардың қызығушылығын тудырған еді. Ғалымдардың бұл пікірлері көптен бері жылқы мен адам арасындағы байланыстың жұмбақ күйінде қалған тұстарын ашуға негіз болды. Себебі, жылқы түлігін біздің бабаларымыз басқа халықтарға қарағанда ең алғашқылардың бірі болып қолға үйреткенін дәлелдеуге Ботайдан табылған жәдігерлер айқара жол ашты. Ботай ежелгі жылқы өсірушілердің үнемі қоныстанатын орны болған.

Ботайдан табылған ежелгі адамдар қонысы (қалпына келтірілген)

Қазақ даласы, Моңғол жерінен бастап Жайық пен Сырдарияға дейінгі аралық, әскери-саяси тарихтың бел ортасында болды.

Ауылдар осы аймақтың барлық өңіріне орналастырылды. Қоныстанудың мұндай құрылымының өзіндік тағлымы мен ерекшелігі болды.

XVI-XVII ғасырларда осы аймақта тұрақты әрі түбегейлі қоныстанушылардың болғанының дәлелі ретінде Қарасай батыр мен Ағынтай батырдың тарихын атап өтуге болады. «1670 жылы Қарасай батыр өз отбасы және туғандарымен Сарыарқа өңірінің Айыртау жеріндегі жауынгер досы Ағынтай батырға көшіп келеді. Бұл жерде ол бір жыл тұрып, 1671 жылы 73 жасында қайтыс болады». Мәдениет ауылының жанындағы Құлшынбай төбесінде мәңгілік дамыл тапқан екі батырға 1999 жылы кесене тұрғызылды. Мемориалдық кешеннің өзі ежелгі түркі қағандарының ордасына көбірек ұқсайды. Десе де батырлардың кесенесі екенін бірден аңғарасыз: кіре берісте шаншылған екі мұнара, екі жақта айқасқан найзалар орын тепкен.

Сырымбет ауылындағы XIX ғасырдың үлгісімен салынған «Айғаным қонысы» да өңіріміздің ғажайып ескерткіштерінің бірі. Айғаным отырықшы өмірдің пайдасын түсініп, өз қыстағын орыс инженерлерінің сәулет үлгісімен салғызған. Сырымбеттегі Айғаным қонысында үйден бөлек, мектеп, мешіт, қонақ үй, диірмен, монша және түрлі шаруашылыққа қажет құрылыстар болған.

Сырымбеттегі Айғаным қонысы

Новоишим (Горький) бойындағы қамалдар мен бекіністердің құрылуы XIX ғасырда аймақтың елді мекендерінің географиялық құрылымына әсерін тигізген. Горький бойындағы казак елді мекендері, Сібір-казак әскерлері жалпы казактар санымен өсті. Және қоныстанушы шаруалар есебімен де толықты. Олар қазақ жерінің оңтүстік өңіріне құрылыс орындарын көптеп салудың арқасында жергілікті халықты ығыстырып, Горкий бойы XVIII-XIX ғасырда Қазақстанды отарлаудың орталығына айналды. Горький бойынан оңтүстікке қарай 250 км шақырымда казак

станицалары құрылды. Осы кезеңде бұл аймақта Шалқар ст. (Шалқар селосы), Лобан ст. (Лобаново селосы), Айыртау ст. (Айыртау селосы), Имантау ст. (Имантау селосы), Арықбалық ст. (Арықбалық селосы), Нижний Бұрлық ст. (Нижний Бурлук селосы), Ақанбұрлық ст. (Ақанбұрлық селосы), Верхне-бурлук ст. (Верхний Бурлук селосы) және Жақсыжалғызтау станицасы (Жақсыжалғызтау селосы) пайда болды. «Бұл қоныстанушылардың жер көлемі 277,858 ондықты құрады. 1896 жылдың 1 қаңтарында барлық 9 елді мекенінде: 3153 үй-жай, 8 шіркеу, 14 мектеп /5 ер балалар, 5 қыз балалар, 4 аралас/, 9 ойын сауық орындары тіркелген» [15. 38-бет]. 1896 жылы казак елді мекендерінде 16714 адам өмір сүрген.

Осы аймақта казак станицаларының пайда болуымен қатар, Ресей империясының түрлі губернияларынан қоныс аударылған шаруалардан құралған Кривоозерное (Саумалкөл), Константиновка селолары пайда болған. Айыртау ауданы картасында селолардың көптеп бой көтерулеріне себепші болған жайт 1889 жылы «бұдан былай Ақмола және Батыс Сібір жерлері ерікті шаруалардың көшіп-қонуына ашық» деген «жоғарғы үкім» еді. Бұл аймаққа Ресей мен Украинадан шаруалар легі қоныстануға көптеп келді. Соның салдарынан Казанка, Лавровка, Карасевка, Антоновка, Комаровка, Гусаковка, Новосветловка, Матвеевка, Корсаковка, Кутузовка, Кирилловка, Аксеновка, Воскресеновка сияқты селолар пайда болды.

Кеңес дәуірі кезінде аудандағы елді мекендердің картасында тарихи өзгерістер былайша топтастырылды:

- Ұжымдастыру кезінде ауылдар мен селоларды біріктіру;
- Светлый, Целинный жерлерінде тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде пайда болған елді мекендер;
- XX ғасырдың 70 жылдары «болашағы жоқ» шағын селоларды жою;

2005 жылы аудан картасынан Пронькино селосы жойылды (Гусаковка селолық округі). Грачевка, Галицино, Красново, Цориковка селоларында аз ғана отбасы өмір сүруде.

Айыртау ауданы ауылдарының құрылу тарихынан

Саумалкөл. 1854 жылдың мамыр айында Саумалкөл көлінің оңтүстік-батыс жағалауында шоқ қайыңдар арасына челябілік шаруалар отбасы, сәл кейінірек шадриндіктер, одан кейінірек пермдіктер қоныстанады. Ал 1878 жылы тобылдық шаруалар келіп, шағын ауыл (деревня) құрылады. Қоныстанған жерден қуып шыға ма деп бойларын қорқыныш билеген шаруалар аз уақыт ішінде ескі әдіспен: ауласы жоқ шағын жертөлелер тұрғызып, мал-құс асырап шаруашылықтарын жөнге келтіре бастады. Көлдің батыс жағалауындағы құнарлы жер егін шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы болып 6 жыл бойы өңделмей мол өнім беріп тұрды.

Үй салуға ағаш бөренелер 25 шақырым жердегі Айыртауда болатын, бірақ шаруалар казактардан дайын үйлерді сатып алып көшіргенді жөн санады. 2 бөлмелі жертөле (үй) 50-60 руб.(сом) тұрса, бір бөлмелі жертөле (үй) 20-30 сом болатын [15. 29 б].

Қазақ көшпелілері тұрақтанып, қазақ кедейлері мен шаруалары арқасында ауыл тез құрылып өсе бастады. Шаруалар қонысы (қоныстанушыдан алынған) арнайы статус қабылдап, Кривоозерное деген село болып ауыстырылады да, әр ер адам басына 15 ондық жер бөлігі беріледі. 1887 жылы Кривоозерныйда 224 үй түтін түтетіп, ауыл тұрғындарының саны 1716 жетеді, христиан шіркеуі мен мектеп салынады.

1891 жылы ауыл болыс орталығы болып, Кривоозерный болысы аталады. Орловка, Галицино, Кругловка селолары осы болысқа қарайтын болған. Болыс аумағының көлемі 12837 ондықты құраса, оның 4195 ондығы егіндік болатын.

1919 жылы Кривоозерное ауылы ақ гвардияшылармен соғыста қаза болған қызыл әскер, взвод командирі И. Володаровтың құрметіне Володаровское ауылы болып ауыстырылады. 1928 жылы Володаровское ауылы Володаров ауылының әкімшілік орталығы болады.

1993 жылы ауыл көл атауына сай Саумалкөл болып ауыстырылып, аудан Айыртау болып өзгертілді.

Айыртау ауданы шекаралары бірнеше мәрте төмендегідей өзгертілген болатын:

- 1964 жылы жердің біршама бөлігі Рузаев ауданына берілген;
- 1966 жылы аудан көлемінің біршама бөлігі Арықбалық ауданына бөлінген;
- 1997 жылдың мамырында Айыртау ауданы мен Арықбалық біріктірілді.

Арықбалық. 1820 жылы Логовое көлінің жағалауындағы төбелер етегіндегі жайқалған қайың ортасында Арықбалық ауылы құрылды. 1878 жылы И.Я.Словцов келгенде ауылда 300 үй 2100-ден артық халық тұрып жатты. Ауылда ағаштан салынған шіркеу, ауылдық басқарма, ерлер мен әйелдер училищесі, нан дүкені, 6 су диірмен, 23 жел диірмен, 3 ұстахана бар болатын. Есте жоқ ерте заманнан қалған ауыл шетіндегі арықтар мұнда егін шаруашылығының ертеден болғанының дәлелі» [15. 35 б].

Айыртау. Шалқар көлінің жағасында Саратов, Пенза, Пермь, Тобольск губернияларынан жер аударылып келген қоныстанушылар негізін XIX ғасырдың 50-жылдарында қалаған Айыртау қалыптасты. 1800-ден артық тұрғыны 360 түтін түтеткен ауылды казактар басқаратын, «көне казактар» немесе кәрі казак қызметкерлері Айыртауда аз болатын. Ол туралы И. Словцов қойын дәптерінде «Олардың жергілікті тұрғындардан еш артықшылығы жоқ, өйткені 20 жылдан артық уақыт ішінде табиғаттың жомарт байлығын өз қажеттеріне қолдана алмаған» деп жазады казактар жайында. [15. 33 б].

Словцов келген кезде тау етегін қалың қайың қоршаған, орман ішінде бейнесіз, тығыз, тар үйлерден құралған көріксіз ауыл болатын. 5-6 қабырғалы бір қабатты шағын тал үйлердің құрылысы мен көлемін казак әскери көші-қон департаменті бекітіп рұқсат беретін. 1878 жылы ауылда ерлер, әйелдер

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

мектебі, үлкен шіркеу тұрғызылды. XIX ғасыр аяғында Айыртауда кең көшелер құрылып, халық қалауына сай үлкен үйлер бой көтере бастады.

Казанка. Самара Губерниясының Бугульмин уезінің Федотовка селосынан жергілікті помещиктерден қысым көріп, жер бөлігінсіз қалған жеті татар христиан отбасы 1883 жылы жерұйық іздеп Сібірге жылжиды. Омбыға барған оларға жері құнарлы Көкшетау уезіне бару ұсынылады. Тексіз жүрген оларға губернатор кәсіптеріне қарап Пчельников пен Плотников деген фамилия береді. Көкшетаудан оларға деп Балапан учаскесінен жер бөлініп, Казанка қалыптасады. 1884 жылдың көктемінде ауыл тұрғындары 300-ден асады. Әр тұрғынға 15 ондықтан жер бөлінеді. 1883 жылы қоныс аударушыларды басқарып келген Степанов Казан қаласынан болғандықтан, ауылға Казанка деген ат берілді.

Ауданымыздың өзен-көлдері

Аудан жерінен Есілдің сағалары Иманбұрлық, Сарыөзек, Ақанбұрлық, Бабықбұрлық ағып өтеді. Жақсыжалғызтау көліне Қарасу өзені құяды. Галицино селосының оңтүстік-батысынан Жалтыркөлге құятын Қамсақты өзені бастау алады, онан әрі ол Үлкен Тораңғұлға барып құяды. Шағалалытеңіз көліне құятын Шағалалы өзені Цуриковка селосы маңынан бастау алады.

Ақанбұрлық өзені Жақсыжалғызтау көлінің батыс жағалауынан басталады. Ол Есілге барып құяды. Өзеннің ұзындығы 176 км-ге созылып жатса, Айыртау ауданында 70 км-ге созылған.

Бабықбұрлық Нижнебурлуктың шығыс жағындағы 8 км жерден бастау алып, Рухловка (Мүсірепов ауданы) селосының Ақанбұрлық өзеніне құяды. Өзеннің ұзындығы 84 км. Өзеннің жоғарғы жағы қайыңдармен көмкерілсе, орта және төменгі ағыстары жыртылған жерлер. Бабықбұрлық өзенінің ағыстары: Қарғасай, Барсучка, Құмқарағай.

Иманбұрлық Есілдің бірінші ағысы. Имантау көлінен бастау алады және 129 км-ге дейін созылып жатыр. Өзеннің бірнеше ағысы бар, ең көлемдісі - Сарыөзек.

Қамсақты өзені Айыртау ауданынан солтүстікке қарай ағады. Галицино селосының оңтүстік батысынан 5 шақырым жерден бастау алып, Жалтыркөл өзеніне, одан әрі үлкен Торанғұл көліне барып құяды (Есіл ауданы). 106 шақырымды құрайтын өзен құрғақшылық жылдары тартылған. XIX ғасырдың орта тұсында Қамсақты орман алқабына бай болған. Қазіргі кезде Қамсақты мүлде тартылған, оған жойылу қаупі төніп тұр.

Жақсыжалғызтау. Көл ұзындығы 8,8 км, ені 8 км. Аумағы 43,2 км^2 құрайды. Көл өте әдемі жерде орналасқан. Сондықтан да халық демалу үшін осы көлге келеді. Көлдің суы Шаңтөбе поселкесінің (Ақмола облысы) тұрмыстық қажетіне қолданылады.

Имантау. Су көлемі 438 км^2 құрайды. Көл ұзындығы 13,3 км, ені 4,8 км, тереңдігі 10 м, орташа тереңдігі 5,7 м. Көлдің батыс және оңтүстігі тасты, ал шығыс бөлігі құмды болып келеді. Көлдің дәл ортасында Тасарал аралы бар.

Шалқар. Шалқар көлі Айыртау тауының етегінде орналасқан. Көл ұзындығы 12 км, ені 3,3 км, тереңдігі 15 м.

Байсары. Көл Имантау селосының солтүстік шығысында 11 км жерде орналасқан. Көл ұзындығы 2,5 км, ені 1,8 км, тереңдігі 1,8 м. Көл мал суару үшін жаз айларында ғана пайдаланылады.

Өсімдіктер әлемі

Аудан аймағын көктеректі-қайыңды, қарағайлы ормандар құрайды. Өсімдіктер мынадай түрлерге бөлінеді: орман өсімдіктері, жазық өсімдіктері, дала өсімдіктері. Қазіргі кезде аудан ормандары солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейін созылып жатыр. Ірі орманды аймақтар солтүстікте Орлиногор орман шаруашылығы, оңтүстік батыста Рузай

орман шаруашылығы. Ал ормандардың басқа бөліктері «Көкшетау» МҰТП-ға кіреді.

Аудан аумағының біраз бөлігін қарағайлы ормандар құрайды. Айыртау, Имантау және Бүркітті шоқысы таза қарағайлы алқаптан тұрады. Қарағайлы ормандар өте қалың, таза және әдемілігімен сүйсіндіреді. Кейбір қарағайлардың ұзындығы 15 м-ге дейін жетеді. Қарағай құрылыс материалдарына пайдаланылады. Адам өміріне пайдасы зор. Ауаны тазартады. Суды қорғайды. Топырақты бекіту, өңдеу, мелиорация шараларын жүргізуге пайдалы. Қарағай өте өсімтал ағаш. Топырақ таңдамайды, сондықтан ортаны көгалдандыру үшін кеңінен қолданылады.

Қайың ағашы да 10-11 м биіктікке дейін өседі. Алыстан ағараңдап көз тартады. Қайыңның шырыны сусын ретінде пайдаланылады. Медицинада жапырақтары ем үшін қолданылады. Орман-тоғайлы жерлерінде сұр, күлгін сұр топырақ қалыптасқан. Өсімдік атаулыдан бетеге, бидайық, қияқ, айрауық, сораң, кермек, жусан, қарақат, таңқурай бұталары бар. Ағаштар әлемі көктеректі, қайыңды, қарағайлы және даладағы батпақты жердегі орман болып келеді.

Жануарлар дүниесі

Айыртау өңірі жануарлар мен аңдарға өте бай. Омыртқалылардың 283 түрі, олардың ішінде сүтқоректілердің 47 түрі, құстардың 210 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі, қосмекенділердің 5 түрі, балықтардың 12 түрі кездеседі.

Аудан аумағында аққоян, түлкі, марал, елік, тиін, қасқыр, борсық, орман тышқаны, ор қоян, суыр, қарсақ, бұлан, дала күзені, сарышұнақ көп кездеседі.

Құстардан аққу, қаз,үйрек, шағала, тырна, шымшық, ақ құр, сұр құр, қарға, тоқылдақ, сұңқар, күйкентай, бөдене, бұлдырық, шіл, безгелдек, әупілдектер мекендейді.

Айыртау ауданының табиғатын қорғайтын «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

XX ғасырдың 60 жылдары басталған туристік саяхаттар Шалқар, Имантау, Жақсыжалғызтау сияқты ауданымыздың тамаша демалыс орындарының табиғи ландшафтарына антропогендік зиян келтірді. Сондықтан да Айыртау ауданының тамаша табиғатын мемлекеттік қорғауға алу керек екендігі байқалған болатын. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 10 сәуіріндегі №415 қаулысына сәйкес «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ашылды. Ауданы 135,8 мың га. Мұнда аңның 305 түрі, құстың 223, балықтың 22 түрі, өсімдіктің 800 түрі қорғауға алынды. «Көкшетау» МҰТП Айыртау және Зеренді әкімшілік аудандарының шекарасында орналасқан.

«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас дирекциясының офисі Көкшетау қаласында.

Зеренді, Шалқар, Имантау табиғи зоналарында көлді аймақтар мен таулы аймақтар да «Көкшетау» табиғи паркінің құрамына енді. Көкшетау МҰТП картасында Солтүстік Қазақстан жағы облыстың оңтүстік жағында орналасқан және Шалқар, Имантау және Айыртау табиғи зоналарының таулы орманды ландшафтары мен оған қоса Шалқар, Имантау, Саумалкөл көлдерінің көлді акваториялары көрсетілген. Аймақты ландшафтарының ұқсастығына қарап, үнемі Швейцариямен салыстырады. Аймақтың 60% далалы зоналармен кезектесіп отыратын шалғын, шөптесін өсімдіктер өскен орманды алқаптан тұрады. Құрамында аз мөлшердегі тұз концентрациясы болуына орай, емдік қасиеті бар, елге танымал Шалқар көлінен басқа көлдердің бәрінің суы таза, мөлдір. Шалқар көліне жаз айларында көршілес Ресей елінен де көп адамдар келіп демалады.

Ұлттық парк негізгі үш мақсатта жұмыс істейді:

1. Экологиялық (табиғи экожүйені сақтаудағы экологиялық балансты сақтау).

2. Рекреациондық (адамдардың демалысын, туризмді реттеу).

3. Ғылыми (демалушыларды жіберу кезінде табиғи комплекстің дұрыс сақталуы үшін, әдістер енгізу және оның жоспарын жасау).

«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мынадай негізгі міндеттерді атқарады:

- тамаша табиғи аймақтағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау;
- табиғи комплекстерді сақтаудың ғылыми әдістерін енгізу және орындау;
- ластанған, бүлінген табиғи және тарихи-мәдени комплекстерді қалпына келтіру;
- тұрғындардың экологиялық танымын ұйымдастыру;
- экологиялық мониторинг жүргізу.

Айыртау ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Айыртау ауданы 1928 жылы құрылып, 1997 жылы атауы өзгертілді.

Аумағы 9,6 мың шаршы км (960,0 мың га), облыс аумағының 9,8% салмағын құрайды.

Айыртау ауданы 87 елді мекеннен, 15 селолық округтен тұрады. Олар: Антонов (Антоновка селосы), Арықбалық (Арықбалық селосы), Володар (Саумалкөл селосы), Гусаковка (Гусаковка селосы), Елецкий (Елецкий селосы), Жетікөл (Саумалкөл селосы), Имантау (Имантау селосы), Казанка (Казанка селосы), Қамсақты (Карасевка селосы), Қаратал (Қаратал селосы), Константиновка (Константиновка селосы), Лобаново (Лобаново селосы), Нижнебурлук (Нижний Бурлук селосы), Сырымбет (Сырымбет селосы), Украинский (Кирилловка селосы).

Аймақтық-әкімшілік бөліністер:

Аудан орталығының атауы Саумалкөл селосы.

Облыс орталығына дейінгі ара қашықтығы 280 км.

Аймақтық-әкімшілік бірліктердің барлығы 87.

Оның ішінде ауданға бағынышты қалалар жоқ.

Селолық округтердің саны 15.

2009 жылдың 1 қаңтар жағдайына сәйкес аудан халқының саны 48,517 мың адамды құрайды немесе облыстың жалпы халық санының 7,5%-ын құрайды. Ұлттық құрамы төмендегідей:

қазақтар	18448 адам немесе	38%
орыстар	22543 адам немесе	46%
украиндар	2851 адам немесе	6 %
немістер	2331 адам немесе	5 %
татарлар	814 адам немесе	2 %
поляктар	466 адам немесе	1 %
басқа ұлттар	1064 адам немесе	2%

Табиғат ресурстары

Пайдалы қазбалар. Айыртау ауданындағы пайдалы қазбалар негізінен эндогендік әдіс арқылы пайда болған. Аудан көлемінде өте ірі кен орындары бар.

Уран. Аудан уранға бай, Қосалқы кен орны уран шығарудан ең ірі кен орны болып есептелінеді. XX ғасырдың 90-жылдарында Грачевка жерінде де уран өндіру іске қосылған болатын, ал қазір бұл орын тоқтатылған.

Қалайы. Қалайы өндіруден республиканың 3/2 бөлігін Сырымбет кен орны құрайды. Бұл кен кешенді түрге жатады, оның құрамында тантал мен инобия сияқты металдар бар. Кен қоры 89,9 млн тонна, қалайы 405 мың тонна. Ал тантал мен инобияның алынатын қоры 5 және 20 мың тоннаны құрайды.

Вольфрам. Вольфрам Баян кен орнынан алынады. Кен кешендік кен түріне жатады. Вольфрам құрамынан молибден де алынады.

Жез. Жез кені Имантау аймағында кездеседі. Кен орнының экономикалық құндылығы жоқ.

Темір. Николо-Бұрлық жерінде темірді қорыту арқылы алады. Гранит кен орындарынан спекторлық анализ арқылы қосымша пайдалы қазбалар табылды. Олар күміс, алтын, цинк, литий, марганец. Сонымен бірге құрылысқа қолданылатын тастар, құмдар, балшықтар, әк, мрамор сияқты қазбалар да алынады. Сапалы кірпіш жасау үшін балшық пен сазбалшық, жол салуға щебень де жер астында шоғырланған. Көптеген құрылыс материалдарын шығаратын кен орындары «Көкшетау» МҰТП (мемлекеттік ұлттық табиғи парк) аумағында орын алады. Ауданда құрылыс жұмыстарының кеңінен жүргізілуіне байланысты бұл кен орындарына сұраныс көп.

Су қорлары. Барлығы 267 көл бар. Аудан аумағында Имантау 5492 га; Жақсыжалғызтау 4724 га; Баян 2500 га; Құспек 300 га; Логовое 320 га; Шалқар 3300 га; Аккөл 1560 га; Байсары 350 га; Лобан 400 га көлдері және басқа да Иман-Борлық, Бабық-Борлық, Есіл өзендерінің салалары орналасқан.

Ерекше қорғалатын аймақтар. 960000 га аудан жерінің 733474 га ауыл шаруашылық өнімдері құрайды. Соның ішінде 392782 га егін алқаптарына, 12039 га шабындыққа, 311433 га мал шаруашылығына, 447 га көпжылдық қолдан өсірілген ағаштарға, 16523 га жыртылған жерлерге, 250 га бақша өнімдеріне бөлінген.

Жалпы ауданы 134198 га жерді құрайтын мемлекеттік «Көкшетау» ұлттық табиғи паркінің 3 филиалы (Арықбалық, Шалқар, Айыртау), 20954 га жерді құрайтын орманды және жануарларды қорғау мемлекеттік мекемесінің 2 филиалы (Орлиногор, Борлық), 63,1 га жерді құрайтын 9 мемлекеттік табиғат ескерткіштері.

Өнеркәсіп

Өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің басым салмағын: ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу - 64,0%; электр энергиясын, газды және суды тарату мен өндіру 36,0% құрайды.

Ауданда мынадай өнеркәсіптік мекемелер жұмыс жасайды: - «Айыртауский элеватор» ЖШС, «Володарский РМЗ» АҚ, «Ғасыр-Айыртау» ЖШС, «Айыртау Строй Недра» ЖШС. 2008 жылы «Игілік азық-түлік» ЖШС астықты сақтау және өңдеу бойынша, «Қарагөз» ЖШҚ сүт және ірімшік өнімдерін өндіру бойынша өздерінің өндірістерін ұлғайтты.

Саумалкөл селосында өнеркәсіп саласы бойынша «Керемет» сүт дайындау және өндіру цехы, «Сат Саумалколь» ЖШС-тың жаңа диірмені ашылды.

Ауданда ұн, нан, сүт пен май, макарон өнімдері, ыстық және салқын асфальт, қара щебень және дайын күйдегі мал азықтары өндіріледі. Электр энергиясын, суды тарату қызметі көрсетіледі.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру ісімен айналысатын негізгі мекемелер - «Айыртауский элеватор» ЖШС (элеваторда астықты сақтаудың жалпы сыйымдылығы 116 мың тонна), «Молоко» ЖШС, 6 шағын наубайхана («Никулина» ЖК, «Гладкий» ЖК, «Популова» ЖК, «Рахметов» ЖК, «Сухова» ЖК), диірмендер («Айыртауский элеватор» ЖШС, «САТ Саумалкөл» ЖШС) болып табылады.

«Молоко» ЖШС сүт, қаймақ, сары май, ірімшік, сүзбе өндірумен айналысады.

«Айыртауский элеватор» ЖШС диірмені тәулігіне 6,5 тонна ұн өндіреді.

«Айыртау элеваторы» ЖШС

Ауданда макарон өнімдерін өндірумен «Дюзбаев» ЖК айналысады. Еттен жасалатын жартылай фабрикаттар дайындаумен «Сухова» ЖК, «Иктислямова» ЖК, «Жуковская» ЖК, «Ткаченко» ЖК және «Популова» ЖК айналысады.

Саумалкөл селосының аумағында жиһаз жасау және жинау саласы бойынша «Саумалкөл» ЖШС, «Саумалкөл Құрылыс Сервис» ЖШС цехтары жұмыс істейді.

«Володарский РМЗ» ЖШС ауыл шаруашылық техникасын, трактор агрегаттары мен бөлшектерін жөндеу, КУН ПУ-0,8 детальдарын жөндеу, пештерді, тұрмыстық қазандықтар, машина құрылысының және басқа да тұрмыстық заттарды жөндеу жұмыстарын жүзеге асырады.

Саумалкөл селосында аяқ киім жөндейтін және пима басатын 2 шағын цех жұмыс істейді. Олар: «Жаналинов» ЖШС, «Ақмолдин» ЖК.

Ауыл шаруашылығы

Аудан жерінің жалпы аумағы - 960,382 мың га. Ауыл шаруашылығына арналған жерлердің аумағы 733,474 мың га құрайды, оның ішінде егістік алқабы - 404,751 мың га құрайды.

Жыл сайын ауданымызда ауыл шаруашылық дақылдарын себу көлемі ұлғайтылуда. Мысалы, 2008 жылы дәнді дақылдар көлемі 320,5 мың га құраса немесе 2007 жылмен салыстырғанда 109,3%, 2009 жылы бұл көрсеткіш 13 мың га көбейіп, 333 мың гектарды құрады.

Ауданда ауыл шаруашылық құрылымдарын тұқыммен қамтамасыздандыратын 5 тұқым шаруашылығымен айналысатын серіктестіктер бар.

Көктемгі егіске дайындық

Ауданда көктемгі егіс және астық алу науқаны жұмыстарына сай әр түрлі маркалы 1220 трактор, астық жинайтын 771 комбайн, 408 егінді жығатын, 85 себетін кешендер, 1200 дән сепкіштер және басқа да техника бар.

Егін жинау науқаны

Соңғы жылдары машина-трактор паркін жаңарту мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Мысалы, «Әліби», «Қазэкспорт-Астық» фирмаларына қарасты шаруашылықтардың машина-трактор паркі толығымен жаңартылды.

Аудан көлемінде екі мал тұқымын асылдандыру шаруашылықтары жұмыс істейді: қазақтың ақ бас етті қара малын көбейту жұмысымен айналысатын «Агрофирма Бабық-Борлық» ЖШС және сүтті сиырлар тұқымын асылдандыру ісімен айналысатын «Гусаковка» ЖШС бар. «Тамды» ШҚ түйе өсірумен айналысады.

«Гусаковка» ЖШС, ірі қара мал

Ауыл шаруашылық саласында жылма-жыл орташа еңбекақы да өсіп, ауылдағы ағайындарымыздың тұрмыс деңгейі көтерілуде.

«Бабық-Борлық» ЖШС, ірі қара мал

Әлеуметтік инфрақұрылым

Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының жүйесі 1065 км болады. Оның ішінде маңыздылығы республикалық деңгейдегі 106 км жол, облыстық деңгейдегі 411 км, жергілікті деңгейдегісі 548 км.

Автожолдарда 14 көпір және ұзындығы 548 метр болатын темір жол айрықтары бар.

Аудандағы елді мекендердің аудан орталығымен және Петропавл қаласымен көліктік байланысты 17 автобустық маршрут пен ақылы такси жүзеге асырады.

Ауданымызды Көкшетау, Қостанай, Астана, Қарағанды, Павлодар қалалары бағытымен темір жол байланыстырады, аудан бойынша темір жолдардың жалпы ұзындығы 82,6 км болады.

Бүгінгі күнде ауданымыздың елді-мекендерін заманауи телекоммуникация құралдарымен қамтылуы қарқынды жүзеге асырылуда. Мәселен, телефон байланысымен 100 тұрғынға шаққанда 15,7 тығыздықты құрайтын құрылым жұмыс жасайды.

Саумалкөл селосының мөлтек ауданында нөмірлердің аумағы 640 абонентке көбейді. Гусаковка және Константиновка ауылдарында 600 нөмірі бар сандық автоматтық телефон станциясы іске қосылды. Іштен реттеу жүйесі салынып, сыйымдылықтың артуы есебінен Қоскөл, Целинное, Саумалкөл, Горный, Матвеевка ауылдарында телефондар орнатылды.

Аудан орталығының тұрғындарының радиобайланыс қажеттілігі 100%-ға қанағаттандырылып отыр.

Ауданымызда K-Cell, Beeline ұялы байланыс операторлары жұмыс атқаруда.

Пошта байланысы ауданымызда «Казпочта» мекемесінің аудандық бөлімшесі арқылы жүзеге асады.

Елді мекендер электр энергиясымен 100% қамтамасыз етілген.

Білім, денсаулық сақтау және мәдениет объектілерін жылытатын 67 қазандық бар, оның ішінде 4 орталық, 2 локальдік және 61 автономдық қазандықтар. Барлығы 34 көпқабатты тұрғын үйлер 4 қазандықпен жылытылады.

Кәсіпкерлік

Ауданымызда шағын кәсіпкерліктің 1108 субъектілері тіркелген, соның ішінде 106 заңды тұлға, 804 жеке кәсіпкерлер және 198 шаруа қожалықтары.

Ауыл кәсіпкерлерінің экономикалық қызмет түрлерінің: ауыл шаруашылық саласында 56,7%, саудада 35,5%, көлікте 4,2%, өнеркәсіпте 3,6% басым салмағын құрайды.

Шағын кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны 3,4 мыңнан астам адамды құрайды.

Ауданымыз бойынша шағын кәсіпкерліктің 780 объектісі жұмыс істейді. Оның ішінде сауда мекемелері - 482, жалпы тамақтану мекемелері - 26, шаштараз және сән салоны - 19, аяқ-киім жөндеу және киім тігу орындары - 4, тұрмыстық техникаларды жөндеу орны - 2, дәріхана - 10, тағы да басқа қызмет көрсететін мекемелер саны - 237.

«Ертіс» сауда үйі

Ауданның 87 елді мекендерінің ішінен 85-інде сауда мекемелері бар.

Азаматтардың іскерлік құқығын қорғау мақсатында құрылған «Айыртау ауданы кәсіпкерлерінің одағы» атты қоғамдық ұйым жұмыс жасайды.

Ауданда 2 банк жұмыс істейді: «Халық банкі» АҚ, «Тұран Әлем Банк» АҚ. Сонымен бірге «Хоум кредит» банкінің филиалы және «ФА Альянс Финанс» агенттік пункті, «Шалқар» ауылдық несие серіктестігі, «Айыртау Қаржы Солтүстік» шағын несие ұйымы жұмыс істейді.

Құрылыс

Инвестициялық саясаттың басым бағыттары бюджет қаржысын мектеп салуға, денсаулық сақтауға, сумен қамтамасыз етуге және тұрғын үй құрылысына жұмсау болып табылады. Жыл сайын елді-мекендерде тұрғын үй құрылысы көлемі артып, құрылыс саласына қомақты инвестициялық қаражат жұмсалуда. Бұрнағы жылдары иесіз қалған көпқабатты үйлерге күрделі жөндеу жасалып, іске қосылуда. Аудандық орталық ауруханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

№ 48 қазыналық үйдің салтанатты ашылуы

Сумен қамтамасыз ету

Ауданның 87 елді мекенінің барлығы суды жергілікті қайнарлардан алады. (Шыңырау құдықтары, ұңғымалар). Жергілікті жерлерден пайдаланылатын су микробиологиялық және химия-санитарлық нормаларға сәйкес келеді. 21 елді мекендерде тармақты су өткізгіштері бар, қалғандарында 82 құдық, 167 ұңғыма бар.

Арықбалық селосында сумен қамтамасыз ету жүйесі салынып, Саумалкөл селосында су құбырларын қайта жөндеу жұмыстары қолға алынды.

Елді еңбекпен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау

Еліміздің экономикасының қарқынды дамуы еңбек нарығының тұрақты түрде ұлғаюына және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне оң әсерін тигізуде.

Еңбекпен қамту бағдарламасына сәйкес ауданымызда жұмыссыздарды еңбекпен қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар атқарылып келеді.

Ауданымыздың елді-мекендеріне оралман отбасылары көптеп көшіп келуде. Осы отбасылардың бәріне және аз қамтылған отбасыларға аудандық әлеуметтік қызмет тарапынан әлеуметтік және тұрмыстық бейімделу үшін қажетті шаралардың барлығы жасалуда.

Халыққа мемлекеттік қызмет түрлерін бір жерден сапалы және уақытылы рәсімдеу мақсатында 2007 жылы ауданымызда халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды.

Саумалкөл селосындағы Халыққа қызмет көрсету орталығы

Білім беру

Білім беру жүйесіне 68 жалпы білім беретін мектептер (оның ішінде 33 орта, 15 негізгі, 20 бастауыш) кіреді. Барлығы 6 мыңнан астам оқушы білім алады, 2 КТЛ, 9 мектеп жанындағы интернат, БЖСМ мектебі және 3 мектепке дейінгі мекеме (380 бала) білім берумен айналысады. Аудан бойынша бір мыңнан астам мұғалімдер мектеп қабырғасында балаларға сапалы білім беруде.

Бақытты балалық балабақшадан басталады

Мектептер компьютерлік техника және телефонмен толық қамтамасыз етілген. Жыл сайын Бірыңғай Ұлттық Тестілеуге ауданымыздың мектеп түлектері қатысып, жоғары деңгейлі білім сапасын көрсетуде. ҰБТ қорытындысы әр мектептің оқушыларының дайындық деңгейінің сапасын бағалауға жол ашты. Бүгінгі күндері аудан мектептерінің 6 түлегі шет елдерде Президенттік «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алуда.

Соңғы жылдары жаңа білім ошақтары құрылысы да жүргізілуде. Қарасай батыр ауылында 132 орынға арналған мектеп пайдалануға беріліп, Лавровка және Лобаново селоларында мектеп жанындағы екі интернат ашылды. Кирилловка селосында 240 орынға арналған мектеп құрылысы жүргізілуде.

Қарасай батыр ауылындағы жаңа мектептің ашылу салтанаты

Денсаулық сақтау

Ауданды емдік-профилактикалық ұйымдармен қамтамасыз етуге жасалған талдау мынаны көрсетеді: 87 елді мекенде 82 медициналық объектілер қызмет көрсетеді. Оның ішінде 64 медициналық пункттер, 14 дәрігерлік амбулаториялар, аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, ПМСП орталығы және туберкулезге қарсы диспансер.

Аудан халқына 50 дәрігер және 291 орта буындағы медицина қызметкері қызмет көрсетеді.

Жыл сайын денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасы нығайып келеді.

Мәдениет және спорт

Ауданымызда әр меншік түрлеріне жататын 100 мәдениет ошақтары: 16 - мәдениет үйі (8 - мемлекеттік, 5 - шаруа субъектілерінің иелігіндегі, 3 - жеке), 2- мұражай:

1. «Қарасай мен Ағынтай батырларға» арналған мемориалдық кешен (Қарасай батыр ауылы).

2. Ш.Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайы (Сырымбет селосы) қызмет жасап жатыр. Бұдан басқа 82 кітапхана бар.

Қарасай, Ағынтай батыр кесенесі

Ауданымыздың спорт саласында 177 спорттық нысандар бар. Оның ішінде 46 спортзал, 31 футбол алаңы, 14 хоккей корты және шаңғы базасы бар. 110 дене шынықтыру ұжымы жұмыс жасайды.

«Күш атасын танымайды...»

Жыл сайын 10,0 мыңнан артық адам қатысатын спорттық, сауықтыру және дене шынықтыру шаралары өткізіліп тұрады.

Қоғамдық және діни ұйымдар

Ауданымыздың қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде үкіметтік емес сектордың алар орны ерекше. Бүгінгі күнде ауданымызда 6 үкіметтік емес ұйымы, 6 ұлттық мәдени орталығы және 4 саяси партия мен қозғалыстардың филиалдары жұмыс істейді.

Татар мәдени орталығының «Сабантуй» фестивалі

Діни ұйымдар

1. Мұсылмандардың қоғамдық ұйымы (Саумалкөл селосы).

Казанка, Лавровка, Қызыләскер ауылдарында филиалдары бар.

2. «Введение во храм Пресвятой Богородицы» православтық ұйымы.

Шымкенттік Епархия (Саумалкөл селосы).

3. «Божий Илья» православтық ұйымы (Имантау селосы).

Діни орындар.

1. Алты мешіт (Саумалкөл, Казанка, Лавровка, Имантау, Қызыләскер, Сырымбет селоларында).
2. Екі шіркеу (Саумалкөл, Имантау селоларында).

Сырымбет селосында жаңа мешіт ашылып, аудан орталығында жаңа мешіт құрылысы басталды.

Сырымбет селосындағы жаңа мешіт

Айыртаудан шыққан даңқты тұлғалар

Арғын Ағынтай батыр - Шапырашты Қарасай батыр
(т. ж. б. 1672 ж.) (1589-1671 жж.)

Ағынтай батыр - *Есім* мен *Жәңгір* хандардың сенімді серіктерінің бірі. Ағынтай батыр 1620 жылдан бастап жоңғарлармен болған ірі шайқастардың барлығына қатысқан. Қалмақ батырларымен әлденеше рет жекпе-жекке шығып, үнемі мерейі үстем болып отырған. Ағынтай батыр қазақ тарихында айтулы орны бар атақты *Орбұлақ шайқасында* (1643 ж.) Батыр қонтайшының 50 мың жауынгеріне төтеп берген Салқам Жәңгірдің 600 сарбазының ішінде болды. Шапырашты Қарасай батырмен бірге Жәңгірді қалмақ тұтқынынан босатуға қатысқан. Аңыздарда Ағынтай батырдың орасан зор қара күш иесі екендігі де айтылады.

Жұдырығы тигенді сау қалдырмаған. Сондықтан да халық жұдырығы қатты адамды «Ағынтай жұдырық» деп атап кеткен. Дүниеден өткеннен соң Ағынтай батырды атамекені, Айыртау ауданындағы Құлшынбай төбесіне, өзінің үзеңгілес досы шапырашты *Қарасай* батыр бейітінің қасына жерлеген. Айыртау халқы көздің қарашығындай сақтайтын осы жерде халықтық-азат ету қозғалысының әйгілі батырларына арналған ерекше мемориалдық кешен тұрғызылды.

Қарасай батыр Алтынайұлы 1589 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданында туған. Жетісуда жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғыста қол бастаған. 1643 жылы Жәңгір хан мен Жалантөс батыр бастаған әйгілі *Орбұлақ шайқасына* қатысқан. 1652 жылғы соғыстарда Қарасай батыр қазақ әскерлерінің басшыларының бірі болған. Көкшетау жерінде болған соғыстардың бірінде ауыр жараланып, 1671 жылы дүние салды. Сүйегі батырдың досы, арғын Ағынтай батырмен бірге жерленген. 1999 жылы Петропавл қаласының театр алаңында Қарасай мен Ағынтай батырларға ескерткіш орнатылды.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865 жж.)

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш және талантты өкілдерінің бірі.

Ш.Уәлиханов, шын аты Мұхамед-Қанапия, 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы, Жетіөзен ауданы, Құсмұрын бекетінде дүниеге келген. 1865 жылы отыз жасында қазіргі Талдықорған өңіріндегі Алтын Емел шатқалында қайтыс болған.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақтың ғұлама-ғалымы, әйгілі ағартушы-демократ, жиһангез-саяхатшы, этнограф,

фольклорист, Шығыс Түркістан мен Қазақстан, Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуші.

Шоқан Уәлиханов Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы. Оның шежіресіне көз салар болсақ, Жошы хан, Орыс хан, Құйыршық хан, Барақ хан, Есім хан, Абылай хан, Уәли хан және Шыңғыс сұлтан сынды сом тұлғаларды көреміз. Шоқанның балалық шағы Сырымбет қойнауында өтті.

1847 жылдан 1853 жылға дейін Шоқан Омбы қаласындағы Кадеттер корпусында оқыды. Оқып жүрген кезінде ол Шығыс елдерінің жағырапиясын, тарихын зерттеумен айналыса бастайды. 1853 жылы Сібірде әскери қызметін бастайды, 1854 жылы Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Г.Х. Госфорттың адьютанты болып тағайындалады. 1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстан, Жетісу мен Шығыс Қазақстан бойынша жасаған саяхатына қатысады. Бұл экспедиция кезінде ол қазақтар туралы жазған кітабына көп септігін тигізген қазақ халқының құқығы, салт-санасы, діні, тарихы туралы құнды материалдар жинады.

Шоқанның қоғамдық саяси көзқарасы еуропалық үлгіде оқыған кезінде дамып, алдыңғы қатардағы демократиялық интеллигенциямен танысуы барысында жан-жақты қалыптасты. Қоғамдық-әлеуметтік, тарих-жаратылыстану ғылымдарын меңгеруі Шоқанның ғалым ретінде кемелденуіне көп септігін тигізді. 1856-57 жылдары Шоқан Уәлиханов Алакөл өзенінен Орталық Тянь-Шаньға, одан Ыстықкөл өзеніне дейінгі, одан Құлжаға дейінгі жолдарды қамтитын кең көлемдегі экспедицияға қатысты. Бұл экспедицияда, ғылыми зерттеулерге қоса, ол сауда қатынастарын реттеу бойынша жүргізілген қытай-орыс келіссөздеріне де белсене қатысты. Сонымен бірге, шекаралас аудандардың дау-дамайлары мен өзекті мәселелері бейбіт жолмен шешілді. 1857 жылы Қырғызстанға екінші рет барғанда, ол қырғыз халқының «Манас» эпосын жазып алып, сүбелі бір үзігін орыс тіліне аударды.

Оның саяхаттарына байланысты жазылған ғылыми еңбектерінің нәтижелері баспасөз беттерінде жарық көрді.

Шоқанның «Ыстықкөл күнделіктері», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа», «Қырғыздар туралы жазбалар» сынды ғылыми еңбектеріне Орыстың Жағрапиялық қоғамының назары ауды. 1857 жылы П.П. Семенов-Тяньшаньскийдің ұсынуымен ол аталмыш қоғамның мүшесі болды.

Шоқанның ұлы саяхаттарының бірі оның 1858-1859 жылдары Қашғарияға жасаған сапары болды. Бұл сапар оны көпшілікке танымал етті. Ал оның негізгі нәтижесі «Алтышардың жай-күйі немесе Қытай провинциясы Нан-Лудың шығыстағы алты қаласы туралы» іргелі еңбегі болып табылады. Бұл еңбекте негізінен Шығыс Түркістан халықтарының әлеуметтік құрылысы, жағрапиясы, тарихы суреттелген.

Жаңа материалдармен қамту және оларды талдау терендігі бойынша бұл еңбек орыс ғылымына қосылған құнды үлес болып табылады. Уәлихановтың Қашқарияға сапары туралы есебі кейіннен онда сауда факторийлерін одан әрі құруға, Батыс Қытаймен сауда және мәдени байланыстарды орнатуға пайдаланылды. Уәлихановтың еңбектері неміс, ағылшын және француз тілдерінде жарық көрген. Ғалым-жиһангездің еңбегі әулие Владимир орденімен аталып өтіліп, оған штабс-ротмистр шені берілді. 1865 жылғы «Географиялық қоғамның хабаршысында» атап көрсетілгеніндей «Уәлиханов бұл елде болған тұңғыш білімді адам болу құрметіне бөленді».

Ол әртүрлі азаматтық және әскери ведомстволарда қызмет етті, Ресей мемлекетінің Орта Азия мемлекеттерімен келіссөз жүргізуіне көп көмектесті.

1859-1861 жылдары ол Петербургте өмір сүрді. 1861 жылы денсаулығының нашарлауына байланысты Отанына оралуға мәжбүр болды.

Шоқан Уәлиханов өз халқының нағыз патриоты болды. Қазақ халқының қоғамдық-саяси жағдайларын реттеуге белсене араласты. Өзінің қоғамдық-саяси және пәлсапалық көзқарастарын ашық жеткізе білген ол патша өкіметінің отар-

лау саясатын және қазақ феодалдарының езгісін әшкерелеуге күш-жігерін аянбай жұмсады, қазақтарды отырықшылыққа және егін шаруашылығымен айналысуға үгіттеді, олардың қоғамдық-мәдени деңгейін арттыру бағытында келелі жұмыстар атқарды.

2004 жылы Омбы қаласында Елбасымыздың сыйлығы ретінде Шоқан Уәлихановтың ескерткіші Шоқан оқыған кадет корпусының алдына орнатылды.

2005 жылғы 25 ақпанда Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев жұмыс бабындағы сапары кезінде Петропавл қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану ғимаратында орнатылған Ш. Уәлиханов пен Ф. Достоевскийдің достығына арналған барельефті ашты.

Омбыдағы Шоқан ескерткіші

Ақан сері Қорамсаұлы
(1843-1913 жж.)

Ақан сері, (Ақжігіт) Қорамсаұлы 1843 жылы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының Үлкен Қоскөл деген жерінде туған. Үш жүзге аты мәлім ақын, әнші, композитор. Әкесі Қорамса өз кезінде ақшамен сауда жасаған дәулетті адам болған. Шешесінің есімі Жаңыл.

Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. 16-17 жасынан өнер жолына түскен. Шоқанның қазасына көңіл айтып, оны Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді, «40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз» деп бағалайды.

Ақан серінің бірінші әйелі Жұман қызы Бәтимадан туған жалғыз ұлы Ыбан (Ыбырайым) тілсіз, мылқау болған. Оған Ақан сері жазу-сызу үйреткен. Бәтима өлген соң, аз күн отасқан әйелі Тінәлі қызы Ұрқияға Ақан сері «Хат жаздым қағаз алып, қалам, сия» деген өлеңін арнаған. Ақан серінің тірідей айрылған сүйген қызы Ақтоқты. Бұл арты аңызға айналған оқиға. Ақтоқты есімі Ақан сері шығармаларынан кең орын алды. «Ақ көйлек», «Аужар», «Алтыбасар», «Ғашық жарға», «Тағрипың», «Ж-ға» Ақтоқтыға арналған махаббат толғаулары. Құлагердің мерт болуы (80-жылдардың ортасы) да егде тартқан Ақан серінің өмірі мен шығармашылығында ұмытылмас оқиға болды. Керей Сағынайдың асындағы аламан бәйгеде Құлагер кісі қолынан мерт болды. Құлагер туралы өлеңдеріндегі ақынның көңіл-күйі, ашу-ыза, күйініш, үміт-сезімі тебірене жырланған. Өмір соққысын көрген Ақан сері енді «Жақсылықтан жамандық асып кетті, Бой бағып тұру артық келсе шаман» дейді. Ел аралауды сиретіп, бойын бағуды

ойлайды. Жайлауға көшпей, Ыбан екеуі қыстауда қалады. Дұшпандары оны әр саққа жүгіртіп, өсек таратады. Бірақ Ақан сері өмірден де, өнерден де қол үзбейді. «Өнерді бойға біткен іркіп болмас» деп қарайды. Осы тұстағы ән-өлеңдерінің елеулісі - «Балқадиша». Бұл өз теңіне атастырылған әдепті, сыпайы қыздың өнерлі ағаны қадір тұтқан сүйкімді қылығына разы ағалық қарыздар көңілден туған ән.

90-жылдардағы Ақан сері шығармашылығында айтыс едәуір орын алды. Ақан серінің алғашқы айтыс-қағыс өлеңдерінің бірі «Жүсіп төреге» (Тәкінің Жүсібіне қайтарған жауап өлеңі). Орынбай, Нұркей, т.б. он шақты ақынмен айтыстарының үзінділері ғана сақталған. Толығырағы Нұрқожамен айтысы. Онда Ақан сері ел-жұртты тірек тұтады («Хақ қалаған Есенбай қарашамын, Алтын бесік халқыма жарасамын»), ақындық өнерді қадірлейді, туған жерді, халықты мақтан етеді.

Ақан серінің елдің жер-судан, қоныстан айрылуына наразылық білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері де өткірлігімен ерекшеленеді. Атбасардың указной молдасы Көктөбеттің Смағұлын, атығай-қарауылдың болысы Сұрағанды, болыс Шоғырмақты өлтіре сықақ етеді. Осы өлеңдері мен «Замана адамында» сері ел билеген әкімдерді «Кей жаман мал бітті деп әкім болар» деп әшкерелейді. Қонысынан айрылған елдің мұң-мұқтажын ақын халық атынан айтады. Мемлекеттік 2-Думаға шағынады, әділдік, үміт күтеді. Өмірінің соңғы кезеңінде жазылған өлеңінің бірі «Қаратай». Ақан сері аулы қонысынан айрылып, орнына Комаровка ауылы орнағанда, ескі мекенге барып жүрген Қаратайды (Ақан серінің мінген аты) «егінге түсті» деген сылтаумен ұстап алып, сатып жіберіпті. Ат пен иесінің диалогы түрінде жазылған бұл өлеңде қуғыншы 4 орыстан қашып барғанда «бүбірнай» (выборнай) Көшербайдың рақым етпегені, судьяның әділ үкім шығармағаны айтылады. Соңында «Орыс пен қазақтан алдым несін?! Тәңір берген әркімнің несібесін. Ол түгіл жан салмаған Құлагердің,

Сөйлейді граммофонда әңгімесін», - деп «Құлагер» әнінің сол заманда пластинкаға түсірілгенін ескертеді. Өлер алдында шығарған «Мінәжат» өлеңінде иман тілейді. Ақан сері өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған, заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Әділіне көшсек «Ақан сері» аталып кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ-даңқының шартарапқа жетуі әншілік-композиторлық өнерінің жемісі. Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып, ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шыңдай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдық биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың тел қозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық музыкалық-поэтикалық мұрасы енген. Ақан сері шығармалары поэтикалық тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэтикалық және музыкалық тілінің шырайлылығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері өмір шындығын боямасыз жырлауы, психологиялық иірімдерге толы, эмоциялық бояуының қанықтығы. Шығармаларының басым бөлігін қамтитын кеңінен танымал

көңіл-күй және махаббат лирикаларында ғажайып табиғат суреттері мен нәзік мұң, өмір қиыншылықтары туралы трагедиялық пайымдаулары шынайы да шымыр, қатар өріліп жатады. Оның стиліндегі жоғары жетістік кең тыныстылық, ән иірімдерінің нәзіктігі, әуен әсемдігі, интонациялық суреттерінің молдығы, сазының биік те асқақ, ырғақтары мен қайырымдарының ұзақтығы. Ақан серінің «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Терқатқан», «Мақпал», «Балқадиша», «Сырымбет», «Майда қоңыр», тағы басқа әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетумен бірге, махаббат құдіретін асқақтата суреттеуімен құнды. Кеңінен танымал бұл әндер әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді. Ақан сері ақын-әнші ғана емес, сәнлақ аңшы, атбегі де. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Көкжендет», «Құлагер» әндерінде Ақан серінің ішкі жан-дүниесіндегі бұрқаныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мәймілдеп тұрғандай. Ақан сері басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе, «Құлагердегі» экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайылығымен баурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар, сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады. Ақан серінің музыкалық туындылары қазақ өнерінің өркендеуіне зор ықпалын тигізді. Оның шығармаларын белгілі әншілер Ә. Қашаубаев, Ж. Елебеков, М. Ержанов, Ж. Кәрменов, т.б. ел игілігіне айналдырды. Қазақстан композиторларының симфониялық және опералық шығармаларында кеңінен енгізіліп, Ақан әндері екінші өмірін бастады. Серінің өмірі мен тағдыры туралы І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғ. Мүсірепов «Ақан сері Ақтоқты» драмасын, С. Мұхаметжанов осы аттас операсын, С. Жүнісов «Ақан сері» романын жазды.

Кеңащы ауылындағы «Ақан сері» композициясы

Орынбай Бертағыұлы
(1813-1891 жж.)

Орынбай 1813 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Айыртау ауданында туып, 1891 жылы қайтыс болған. Орынбайдың өз әкесі Байқожа, арғы атасы Бертағы ақын, жыршы болған. 13-14 жасынан өлең шығарып, ақын атала бастаған Орынбай кезінде Арыстан, Шортанбай, Сералы, Сақау, Шөже, Балта, Дана, Ақан сері, Тоғжан, Құлтума т.б. ақындармен айтысқа түскен.

Оның ақындық өнерін Ш. Уәлиханов, В. Радлов, поляк зерттеушісі А. Янушкевич, Ы. Алтынсарин, С. Сейфулин, С. Мұқанов, Е. Ысмайлов т.б. зертеушілер жоғары бағалап өлең, толғау айтыстарын жинап жариялаған.

Ақынның әлі баспа бетіне шықпаған («Абайділдағa», «Төрде отырған төрелер», «Тұрлыбекке», «Түбекпен кездескенде» т.б.) өлең-толғаулары Қазақ ССР ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында, №272, 472, 1632-папкаларда сақтаулы.

Үкілі Ыбырай
(1858-1930 жж.)

Ыбырай Сандыбайұлы (Үкілі Ыбырай) 1858 жылы Айыртау ауданының Жалғызтаудың етегіндегі Сандыбай бұлағының басында дүниеге келді. Халық композиторы, белгілі әнші (тенор), ақын импровизатор, классикалық халық музыкасының ірі өкілдерінің бірі.

Үкілі Ыбырай бала кезінде молдадан оқып, арабша сауатын ашқан. Жасынан өнерге, өлеңге құмар Ыбырай Орынбай Бертағұлы, Арыстанбай Тобылбайұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы мен Тезекбай Шоқтыбайұлы сынды атақты әнші-ақындардан үлгі-өнеге алып, олардың шығармашылық дәстүрін бойына сіңірді. Үкілі Ыбырайдың «Гәкку» (4 түрлі), «Арарай», «Кідік-ай», «Дүние», «Шалқыма», «Көкше», «Сүйгенім кете барды қасыма еріп», «Қалқа бел», «Қалдырған», «Желдірме», «Жиырма бес» секілді 40-қа жуық әндері бар. Оның әндері жастық шақтың жалын атқан махаббат сезіміне, оптимистік әуенге, мелодиялық көркем сазға толы, терең ойлы болып келеді. Ел арасына кең тараған «Гәкку» әні Үкілі Ыбырайдың шығармашылығының шыңы болып табылады. Бұл әнді композитор Е.Г. Брусиловский «Қыз Жібек» операсында (Жібектің негізгі ариясы), ал «Арарай» әнін «Ер Тарғында» (Ақжүністің ариясы) пайдаланды. Оның әндерін алғаш нотаға түсірген А.В. Затаевич пен И.В. Коцык. Үкілі Ыбырай ақындық өнерімен де әйгілі болған. Үкілі поэзиясы тақырыбы жағынан алуан түрлі. Оның бір саласы жастық дәуренді жырға қосады («Қарақат көз», «Тойда бір нұрың балқиды», «Қаралдым», т.б.), «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» өлеңі аңшылық, саятшылықты бейнелейді. Төңкеріске дейінгі өмірді көзімен көрген ақын алғашқыда жаңа заманды, теңдік алған кедейлердің куаны-

шын («Октябрьдің жеңісі», «Отарба») паш етті. Импровизатор Үкілі Ыбырайдың тыңнан суырып салып айтқан өлеңдері де (Доскей, Есімбет, Қожақмет ақындармен айтыстары) көп. Үкілі Ыбырай жаңа кеңестік өмірдің ағартушылық пен мәдениет саласындағы саясатына алғаш қолдау білдіргенімен, кейінгі саяси-әлеуметтік өмірге, ұлттық теңдік деген жалаң үгіт-сөз екеніне ақындық қырағы көңіл көзімен терең бойлай отырып, жалаң ұраншылдықты, кеңес өкіметінің жергілікті тұрғындар арасында жүргізген келеңсіз іс-әрекеттерін өзінің өлең жолдарымен өткір сынға алды. Халық мұңын өлең жолдарына түсірген әнші-ақынға ұлғайған жасына қарамастан, кеңес өкіметінің ұстанған бағыт-бағдарына қарсы деген айыппен бес жылға сотталып, 72 жасында абақтыда қайтыс болады. Үкілі Ыбырай өлеңдерін газетке жариялап, ақындық шығармашылығы туралы келелі пікір айтқан жазушы С.Мұқанов, сондай-ақ әдеби мұрасын байсалды зерттеген әдебиет сыншысы Е. Ысмайылов болды. Драматург Ш. Құсайынов Үкілі Ыбырай туралы «Қайран Гәкку» пьесасын, Т. Қажыбаев «Қалдырған», «Тағдыр» новеллалары мен «Ұмытпа мені, Гәккуім» драмасын, ақын К. Салықов «Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?» деген тебіреніске толы өлеңдерін, т.б. жазды.

Біләл Малдыбаев
(1890-1937 жж.)

Біләл Малдыбаев Айыртау аймағындағы бұрын Аманжол, кейін Қаратал атанған жерде 1890 жылы дүниеге келген. Өзі жайында Біләл Малдыбаев былай деп жазыпты: «Менің әкем кедей шаруа, жастайынан бір үзім нан үшін байларға жалшы болып жалданған. Кейін келе негізгі жұмысы ағаш шебері болған. 1901 жылы әкем мені

ауыл молдасы Мұқағали Садуақасов деген молдаға оқуға береді. Кейін Имантау ауылында тұратын татар Шерикдан, Шәкір деген молдалардан дәріс алдым. 1905 жылы Құсайын Темірбековтың басшылығымен ауыл мектебі ашылып, балаларды орысша оқыту басталды. 1908 жылы соны үздік тәмамдап, Құсайынның көмегімен Атбасарда, сонсоң Омбыда мал дәрігерлік-акушерлік мектебінде оқыдым. 1912 жылы соны үздік стипендиямен бітіріп, қызмет жолымды бастадым».

Қазан төңкерісінен кейін мал дәрігері маманы болып істеген ол халық ағарту саласына қызметке ауысады. 1924 жылдың басынан халық ағарту инспекторы, артынан меңгерушісі болып істейді. 1926-1927 жылдары туған ауылы Қараталда тұңғыш аймақтық жеті жылдық мектеп салдырып, соның директоры болған. 1929 жылы күзде Қазақстан халық ағарту бөлімінің шақыруымен Қызылорда қаласына келіп, Республика халық ағарту жүйесінде мектептер ісінің меңгерушісі болып тағайындалады.

Отыз жетінші жылы «халық жауы» деген жалған айып тағылып, жазықсыз құрбан болып кеткенге дейін, оның бүкіл саналы өмірі халық ағарту саласына арналып, педагогикамен біте қайнасып өтті.

Б. Малдыбаев 1958 жылы толық ақталды.

Қараталдағы Б.Малдыбаев салдырған алғашқы аймақтық мектептің сыртқы көрінісі

Шахмет Құсайынов
(1906-1976 жж.)

Шахмет Құсайынов көрнекті жазушы-драматург.

1906 жылы Айыртау ауданының Қаратал ауылына қарасты Қоскөл деген жерде туған.

1923-1928 жылдары Қызылжар педтехникумын оқып бітіргеннен кейін, «Бостандық туы», «Колхоз жолы», «Социалистік құрылыс», «Қарағанды пролетариаты», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Әдебиет және искусство» журналының редакцияларында жұмыс істеді.

1935 жылы Мәскеудегі А. Луначарский атындағы театр өнері институтына оқуға түседі. Оны 1938 жылы бітіріп, Семей және Орал театрларында режиссер болып жұмыс істейді.

1940-1943 жылдарда М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының әдеби бөліміне меңгеруші болады.

Қазақ драматургиясы мен кинематографиясында Алматыға келіп орын тебеді.

1952 жылдан 1976 жылдың 30 мамыр күнгі ақырғы тынысына дейін бірыңғай драматургия жанрында еңбек етті. Ол кісі елуден астам пьеса мен киносценарий жазды. Ш. Құсайыновтың «Боран», «Шапқын», «Марабай», «Алдар көсе», «Шаншарлар», «Аманкелді», «Асау Ертіс жағасында», «Дала жұлдызы», «Үкілі Ыбырай», «Біздің Ғани» және басқа пьесалары қазақ драматургиясының асыл қазынасына қосылды. Сахнаға шыққанын көзі тірісінде көре алмай кеткен «әл-Фараби» драмасы Шахмет Құсайыновтың ең соңғы шығармасы.

Үкімет Ш. Құсайыновтың қазақ әдебиеті алдындағы еңбегін, оның қазақ драматургиясын дамытуға қосқан шабытты қызметін жоғары бағалады. Ол «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталды.

Жұмағали Саин
(1912-1961 жж.)

Жұмағали Саин 1912 жылы қазіргі Айыртау ауданының Ағынтай батыр ауылында, дәлірек айтсақ Баян сұлу көлі-нің жағасында дүниеге келген. Жастайы-нан жетім қалған ақын Көкшетаудағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ақын, Ұлы Отан соғысына қатысушы, Украина жерінде ұйымдастырылған айтулы партизан отрядында болды. Петропавл педагогикалық техникумында және ҚазПИ-де оқыған.

1932-1934 жылдары мұғалім, содан кейін облыстық газеттің бөлім меңгерушісі болып істеген. Қазақстан мемлекеттік әдебиет баспасының редакторы, Қазақстан мемлекеттік филармониясының, республикалық халық шығармашылығы үйінің директоры, «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары болды. Алғашқы мақалалары 1928 жылдан бастап жарық көре бастады.

Ж. Саинның бірінші өлеңдер жинағы «Бақыт әні», екіншісі «Алтын таң». Ол соғысқа дейін «Балықшы», «Бақыт құшағында», «Күлянда» поэмаларын және басқа да шығармалар жазған.

Жұмағали Саин поэзиясының үлкен бір белесі оның жауынгерлік жырлары. Отан соғысының отты жылдарына арнап жазған «Жорық жырлары» атты жинағы 1944 жылы шықты. Халықтың шешендік толғау үлгілерін шеберлікпен пайдалана білуімен ерекшеленетін «Түн қатады партизан», «Ұрыстан кейін», «Айтылмай келген аманат», «Жаралы партизан», «Еске алу», «Е.М. Масловаға», т.б. жырларында жауынгерлердің қаһармандық ерлігі, жауға деген ащы ызакегі, Отанға, досқа деген жалынды махаббаты, халықтар достығы сұлу саз, әдемі лирикамен айшықталады. Соғыстан кейін «Алтай» мен «Таңғы салқын» поэмаларын, «Таңдамалы

шығармалар», «Таңдамалылар», «Самал» жинақтарын, «Жолда» повесін шығарды. Ақынның көптеген шығармалары орыс, украин, қырғыз, өзбек халықтарының тілдеріне аударылған. М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заманның қаһармандары» романын, қырғыздың «Манас» эпосының бірнеше бөлігін және басқа да шығармаларды қазақ тіліне аударды.

Оның есімі Алматы және Көкшетау қалаларының көшелеріне, біздің облыстағы Айыртау ауданының орта мектебіне берілген. Алматыда тұрған үйіне (Фурманов көшесі, 120) мемориалдық тақта орнатылған. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Бәйкен Әшімұлы Әшімов
(1917 жылы туған)

1917 жылы тамыз айының 10 жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Айыртау ауданының Шабақтай ауылында туған.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері. ФЗО мектебін, ауыл шаруашылығы техникумын, Ленинград қолданбалы зоология институтын және СОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген.

1941 -1942 жылдары Айыртау ауданындағы орта мектепте мұғалім болды. Ұлы Отан соғысына қатысқан, соғыс ардагері.

1945-1961 жылдары Айыртау және Зеренді аудандарында, Көкшетау облыстық партия комитетінде басшы қызметтер атқарды.

1961-1970 жылдары Қарағанды, содан кейін Талдықорған облыстарын басқарды.

1970 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы

болып тағайындалды, бұл қызметте он төрт жыл жұмыс істеген ол тың және тыңайған жерлерді игеруге, Қазақстанның ауыл экономикасын көтеруге сүбелі үлес қосты.

1984-1985 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болды.

1985 жылдан дербес зейнеткер.

Бәйкен Әшімұлы Әшімов төрт Ленин, бірінші дәрежелі екі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен, сондай-ақ Моңғолияның, Польшаның "Вертути Милитари" орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен "Отан" орденімен марапатталды.

Балахметов Қажахмет Балахметұлы (1926 жылы туған)

Мемлекет және қоғам қайраткері Қ. Балахметов 1926 жылы 26 маусымда Айыртау ауданының Сулыкөл ауылында туған.

1945 жылы Чкалов аудандық әскери комиссариатының әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болып қызмет етті.

1948-1952 жылы Казгородок, қазіргі Сырымбет орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып істеген.

1953-1957 жылдары Еңбекшілдер ауданының Макинка, Степняк орта мектептерінде мектеп директоры қызметін атқарды.

1957-1960 жылдары облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды.

1960-1968 партия органдарында жауапты қызметте болды.

1970-1974 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық

комитетінің ғылым және оқу бөлімдері бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1974 жылы Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен Қ.Балахметов Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі болып тағайындалды. Бұл лауазымды қызметті 1987 жылға дейін, яғни зейнет демалысына шыққанға дейін абыроймен атқарды.

Қожахмет Балахметов Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне үш мәрте депутат болып сайланған. Көп жылдық және жемісті педагогикалық-ұйымдастырушылық қызметі үшін, үш «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, көптеген медальдармен, белгілермен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрт Құрмет Грамотасымен, «Ы. Алтынсарин» және «Н. Крупская» медальдарымен марапатталды.

Қ. Балахметов Кеңестер Одағының оқу-ағарту ісінің үздігі, Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі, Кеңестер Одағының Жоғары және орта білім министрлігінің үздігі атанған.

1989 жылдан Қазақстан балалары қорының Төрағасы, 1998 жылдан Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ректорының кеңесшісі болды.

Қазіргі уақытта бұрынғы Одақ құрамына енетін республикалардың Халықаралық балалар қоры Ассоциациясының Вице-президенті.

Қ. Балахметов 80 жылдығына қарсы «Парасат» орденімен марапатталды.

Қазақтың кемел ұлдарының бірі - Еркін Әуелбеков (1930-1999 жж.)

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков 1930 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Ғ. Мүсірепов атындағы ауданда Жаңасу ауылында дүниеге келген. Ұлтымыздың айтулы перзенттерінің қатарынан есімі өшпес дара тұлға, қоғам және мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері атанған еліміздің қалаулы да аяулы азаматы.

Е.Н. Әуелбеков 1953 жылы Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын бітіргеннен кейін еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысы Коноваловский МТС-да бас агроном қызметінен бастайды. Одан кейін МТС директоры, «Марьевский» кеңшарының директоры, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 1961-1965 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыстық партия комитетінің 2-хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерінде істейді. 1965 жылы Еркін Нұржанұлы Ауыл шаруашылығы министрінің 1-орынбасары, 1968 жылы Қазақстан Нан өнімдері және құрама жем өнеркәсібінің министрі қызметтерін атқарады. 1968 жылы Республикамыздың сол кездегі басшысы Д.А. Қонаевтың һәм қолдауымен Е.Н. Әуелбеков Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынылады. Жас талантты төрдегі ағаларымыз жақсы таныды, дер кезінде бұлқынған асау күшін күрделі де ауыр жұмысқа салды. Бодандықтың бір ауыр кезеңі болатын. Көрші облыстарда қазақ ауылдарын негізгі құрамы орыстарға толған селоларға телітіп, біріктіру, өздерінше өркендету, өрлету, қалалық тұрмысқа жақындату шарасы деген идеологиялық лақаппен ауылдарды ақсату үрдісі жүріп жатты. Міне, осындай ауыр кезеңдерде Еркін

Нұржанұлы өзінің текті туған нағыз өжет, ұлтжанды азамат екенін тайсалмай танытты. Ол білек түріп совхоздардың санын көбейтіп, әр ауылдың әл-ауқатын көтеруді көксеп, ел сүйсінген таңқаларлық әрекеттер жасады. Көкшетау облысы аудандарының саны да, лайықты кадрлары да өсті.

Е. Әуелбеков Көкшетауды көркейтті, ауылдарды көтерді, асфальт жолдарды көбейтті, мектеп және мәдениет ошақтарына зор назар аударды, ауыл шаруашылығына бар күшін салған азамат Көкше өңірін өндірістендіруге де жан-тәнін салды. Бүгінгі «Васильков» алтын комбинаты - Әуелбековтің төл түлегі.

Көкшетау қаласындағы темір жол вокзалын салу жолында Еркін Нұржанұлы сол кездегі Министрлер Кабинетінің төрағасы Бәйкен Әшімовтың көмегімен КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н. Косыгиннің қабылдауында болып, ол кездегі ауыр мәселені үлкен абыроймен шешті. Жаңа вокзалды іске қосу үлкен салтанатпен өтті. Бұл рәсімге Д.А. Қонаев, Б.Ә. Әшімовтер арнайы келіп қатынасты. Көкшетау облысынан кейін Торғай облысы партия комитетінің 1-хатшысы, 1985-1988 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, 1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар кеңесінің ұлттық саясат және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары, 1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметтерін атқарған. Еркін Әуелбеков еліміздегі әлеуметтік-экономиканы қайта құру істеріне үлкен үлесін қосқан. Екі мәрте Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туған елінің алдындағы парызын артығымен орындап өткен азамат, елі де оны еске салар ілтифатын білгізіп жатса, нұр үстіне нұр жаумақ.

Уәлиханов Шота Ыдырысұлы (1932 жылы туған)

Талантты сәулетші әрі дарынды жазушы, драматург Шота Уәлиханов 1932 жылы Сырымбет саласында дүние-ге келген.

1956 жылы Мәскеудің архитектура институтын бітірді. Алматы қаласын-дағы қалалық архитектор, бас архитек-тордың орынбасары болды.

1973-1982 жылдары Қазақстан Республикасының мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамы төрағасының бірінші орынбасары, әрі Қазақстан Сәулетшілер Одағының басқармасының төрағасы қызметін атқарды.

1988-1996 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Әдебиет және Өнер институтының бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Мәдениет және тарих ескерткіштерін қорғау қоғамының төрағасы.

Ш. Уәлиханов драматургиямен көптен айналысады. Оның Шоқан Уәлиханов өмірінің жастық кезеңіне арналған алғашқы пьесасы 1962 жылы Шымкент облыстық драма театрында қойылды. Оның жаңа әрі орысша варианты 1982 жылдан бері Көкшетау облыстық орыс драма театрында көрсетіліп келеді. Бұл пьеса «Современная драматургия» альманағында басылды.

Шота Уәлиханов Шоқанның Ф. Достоевскиймен, Д. Менделеевпен достығы жайлы жазылған «Кадет Шоқан», «Шоқанның ақ түні» пьесаларының да авторы. «Ақнұр» драмасы әр жылдары облыстық театрларда қойылды.

1984 жылы «Тағдыр» атты пьесасы Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлесіп өткізген конкурсында Шоқан Уәлиханов атындағы жүлдеге ие болды.

Шота Ыдырысұлы 1970 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген архитектор.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын Ж. Мәлібековпен бірге жасаған автор.

Кәкімбек Салықов
(1932 жылы туған)

Кәкімбек Салықов 1932 жылы дүниеге келген. Ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. 1955 жылы Мәскеу түрлі-түсті металдар және алтын институтын бітірген. 1955-1965 жылдары Жезқазғандағы ең ірі "Покро-15" шахтасында учаске бастығы, бас инженер, бастық болды. 1965-1975 жылдары Қ. Сәтпаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының партком хатшысы, Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы. 1975-1982 жылдары СОКП ОК-нің инспекторы, 1982-1989 жылдары Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1989 жылдан КСРО Жоғарғы Кеңесінің экология жөніндегі комитетінің төрағасы болды. 1992 жылы ҚР Мемлекеттік комитеттің су ресурстарының Арал проблемасы жөніндегі бөлімді басқарды. 1970 жылы "Сыр" атты алғашқы өлеңдер жинағы шықты. Содан кейін «Жезкиік», «Нұрлы күндер», «Жұлдызды жылдар тынысы», «Парасат тынысы», «Мәңгі шырақ» және «Аққу жеткен» жыр жинақтары жарық көрді. Кітаптары орыс, өзбек, қырғыз тілдерінде жарияланды. Ол А. Пушкиннің В.Маяковскийдің, А.Семеновтің, Т. Кузовлеваның және басқа да авторлардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Шығармалары қазақ поэзиясының антологиясына

енді, оның 20-дан астам өлеңдеріне музыка жазылған. Ленин, екі Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Парасат» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Отан соғысы батырлары

Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің адамзат тарихынан алар орны тым ерекше. Өйткені қандыбалақ фашизмді талқандап, соғысты жеңіспен аяқтаудың әлемдік тарихи маңызы бар.

Дана халқымыз «Болашақты болжағың келсе бір сәт өткенге көз сал» дейді. Өйткені өткеніміз біздің тарихымыз ғана емес, ең алдымен ол рухани байлығымыз. Зердесі жоқ елдің болашағы да бұлыңғыр болады. Біз Жеңіс үшін айқасқан аға ұрпаққа да, басын ажалға тігіп мәңгілікке көз жұмған асыл ағаларымыз бен апаларымыздың рухы алдында мәңгі қарыздармыз.

Отан соғысында қаза тапқан жауынгер жерлестерге орнатылған ескерткіш (Кутузовка ауылы)

Асеев Григорий Сафронович
(1920-1944 жж.)

Г.С.Асеев Көкшетау облысының Володар ауданы Петропавловка селосында туған. Мектепке дейінгі жасында Гриша мал бақты. Кейін Петропавловка селолық мектебінде оқыды. Оқымысты бала әрі қарай оқуды армандады. Асеев отбасы Чита облысына, кейін Улан-Удэ қаласына көшті.

1939 жылы Григорий орта мектепті бітіріп, комсомол қатарына кірді. Иркутск институтында оқып жүргенде, 1939 жылы теңіз-әскери флотына шақырылды. Ұлы Отан соғысы кезінде гвардияның аға сержанты, әуе атқышы, радист болып қызмет етті. Коммунист. Мұхит асқан оннан астам ұшулар, шартты қарсыластарына жүзден астам әуе шабуылдарын жасады.

Фронттық газеттерде ең жігерлі және қайратты жауынгер ретінде Асеевтің аты бірнеше рет ескеріліп жарияланды. Б.П. Сыромятников басқаратын экипажда Асеевпен бірге Скнарев А.И. жерлесіміз де шайқасты. Бір жылдай бұл экипаж бірге соғысып, жауынгерлік ұшуларды әлденеше рет жасады. «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту», Ұлы Отан соғысының II-санатты ордендерімен марапатталды. Бірақ осы ержүрек жауынгерлер Жеңіс күніне жете алмады. 1944 жылдың 16 қазанында гвардиялық экипаж фашистік айдауылға шабуыл жасап, дұшпанның көлігін суға батырды. Экипаж Отан алдындағы борышын соңына дейін атқарып, қайсар ерлікпен көз жұмды.

Гвардияның аға сержанты Асеев 80 жауынгерлік ұшу, соның ішіндегі 23 торпедалық шабуылдар жасады. 1944 жылы 5 қарашада батырлар экипаждың әр жауынгеріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Саумалкөл селосы көшелерінің бірі оның есімімен аталады.

Губарьков Григорий Максимович
(1923 -2009 жж.)

Г.М. Губарьков 1923 жылы 1 ақпанда Көкшетау облысы, Володар ауданы, Качиловка селосында жұмысшылар жанұясында өмірге келген. Ұлты - орыс. 7 сыныпты аяқтасымен 2-ші Жизак МТС-інде (Өзбек КСР) шофер болып жұмыс істеді.

1943 жылдың қарашасынан бастап Кеңес Армиясының қатарына алынды. 1944 жылдың шілдесінен бастап Ұлы Отан соғысы майданына аттанды. 34-ші гвардиялық мотоатқыштар бригадасының мотоатқыштар батальонының пулеметшісі болды. (12 гвардиялық танктік корпус, 2-ші гвардиялық танктік армия, 1-ші Белорус фронты). Гвардия комсомолы қатардағы Григорий Губарьков 1945 жылдың 21 қаңтарда Иовроцлав (Польша) қаласы үшін соғыста жаулардың жаудырған оғына қарамастан, қалаға алғашқылардың бірі болып кірді.

Бұл майданда Григорий Губарьков жараланды, бірақ ұрыс шебінен қайтпады. 1945 жылдың 27 ақпанында Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін де армияда борышын өтей берді. 1951 жылы демобилизацияланды. Ол Жизак қаласына қайтып оралып, колхозда, совхозда жұмыс істеді, қазір Запорожье қаласында тұрады. «Ленин» және I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Саумалкөл селосындағы Береговая көшесі Губарьков Г.М. есіміне өзгертілген.

Дмитриев Алексей Федорович
(1912-1944 жж.)

А.Ф. Дмитриев Көкшетау облысы, Володар ауданы, Карасевка селосында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында капитан, гаубиттік артиллериялық полктің дивизион командирі.

1944 жылдың 7 тамызында Слизновозно-Францкабуда

аймағындағы майданда 35 неміс танкісі басып кіріп, 2-ші дивизияның бақылау пунктін қоршап алды. Бұл пунктте капитан Дмитриев А.Ф. болған. Ол отты өзіне қаратты. Жауып тұрған снаряд жарықшақтарының астында ол барлаушылар мен байланысшылар тобымен жаудың жаяу әскерлерін танктерден ажыратып тастап, оқ боратты. Бұл ұрыста ол 15 фашистің солдаттарын жойды, ал 27 тамыздағы соғыста оның дивизионы 8 танкті жойды. Жаумен қызу қақтығыста Алексей Федорович өзін шебер командир, қайратты жауынгер ретінде көрсетті.

1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығына сәйкес А.Ф.Дмитриевке жаулардың танктерін жою кезіндегі қайтпас қайсарлығы үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілді. «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысының ордендерімен марапатталды.

Оның атымен Саумалкөл селосының бір көшесі аталады.

Забелкин Николай Иванович (1921 туған)

Н.И. Забелкин Көкшетау облысы, Володар ауданы, Восточное селосында 1921 жылы туған. Ол ата-аналарымен Челябинск қаласына көшіп барып, оқуын сонда жалғастырады. Осы қалада Николай электромеханик техникумын аяқтайды.

1941 жылы өз еркімен майданға аттанады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Днепропетровскіде Қызылжұлдызды полктің 58-ші гвардиялық минометтік дивизионының барлау командирі болып қызмет етті.

1943 жылы гвардия лейтенанты Николай Забелкин Днепродзержинск қаласының аумағында Днепрден өту кезінде қаһармандығы мен жігерін танытты. Полк Днепрден өтіп, оның оң жағасында бекініп, негізгі күштердің келуін қамтамасыз етуге бұйрық алды. Таң алдында жауынгерлердің ықшам тобымен лейтенант Забелкин өзеннен бірінші өтуді

бастады. Жаулардың жаудырған оқтарына қарамастан, жауынгерлер окоптардың бірінші қатарындағы жау әскерінің көзін жойып, 185,3 биіктікті жаулап алды. Гитлершілдер басты биіктіктен айырылғандарына көне алмады, өйткені мында олардың бақылау пункті болды.

Осы биіктіктен Забелкиннің тобын дұшпандар 4 рет қуып шығуға тырысты. Сонда фашистер көмекке қосымша танкілер шақырды. Батыр жауынгерлеріміздің көбі қаза тапты. Сонда лейтенант Забелкин рациядан:

- От оралған өлімді өзіме шақырамын,-деп өз координаттарын айтты. Гвардиялық минометтер биіктікке дүркіндетіп оқ жаудырды. Қуанышқа орай батырымыз тірі қалды. Госпитальдан қатарға қайтып оралды. 1944 жылы жазда ол Кеңес Одағы Батырының Алтын жұлдызымен марапатталды.

Соғыстан кейін Н.И. Забелкин халықаралық қатынастар институтын бітірді. Мәскеудегі «Новости» баспа агенттігінде жұмыс істеді.

Ильин Степан Петрович
(1915-1993 жж.)

С.П. Ильин 1915 жылы 2 тамызда Көкшетау облысы Володар ауданының Володарское селосында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Ұлты орыс. 1943 жылдан Кеңес Одағының коммунистік партиясының мүшесі. 7 сынып бітірген. 1942 жылдың қаңтар айында Кеңес Армиясының қатарына шақырылды. 1942 жылдың сәуір айынан бастап Ұлы Отан соғысына қатысты. Сапер батальонының 99-бөлімшесінің командирі аға сержант Ильин, Гомелев облысы Лоев поселкесінің аумағында Днепрден өту кезінде, оң жағасына 3 атқыш взводты жеткізе алды, қарсыластың сансыз көп қарсы шабуылдарына тойтарыс беріп, басқыншылардан плацдармды тартып алды. 1943 жылдың 30 қазанында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1946 жылы әскерден босатылды. 1960 жылы мелиоративтік институтын бітірді. Гидротехник болып жұмыс істеді. Ташкент қаласында тұрды.

«Ленин» және Ұлы Отан соғысының I дәрежелі ордені мен медальдарымен марапатталды. 1993 жылы өмірден өтті.

Саумалкөл селосы көшелерінің бірі оның есімімен аталады.

Кириченко Михаил Михайлович (1923-1994 жж.)

Кириченко Михаил Михайлович Көкшетау облысы Володар ауданының Лавровка селосында 1923 жылы 28 қазанда қарапайым шаруаның отбасында туған. Ұлты орыс, білімі - орта. 1941 жылдың шілдесінен Қызыл Армиянын қатарында. 1941 жылы Алматыдағы әскери училищені бітірді. 1942 жылдың тамызынан Ұлы Отан соғысының шайқастарына қатысушысы. 100-Гвардия атқыштар полкінін батальон командирінің орынбасары гвардия капитаны Кириченко 1944 жылы 1 тамызда Висла өзенінен өтті. 4 сағаттық шайқаста жасақ қарсыластың қорғанысын қиратып, Полынадағы Руда-Тарновска мен Вулька-Тарновска елді мекендерін басып алды.

1944 жылдың тамыз айында Кеңес Одағының Батыры атағы ұсынылғанымен, тек 1991 жылы 5 мамырда берілді. Соғыстан кейін де армия қатарында қызмет етті. 1945 жылы офицерлік құрамын жетілдіру курстарын бітірді. 1955 жылдан бастап Кириченко запастағы майор. Мәскеуде тұрды. 2 рет «Ленин» орденімен марапатталды, 2 рет «Красная Звезда» орденімен және медальдарымен марапатталды. Украинаның Харьков облысындағы Изюм қаласынын құрметті азаматы. 1994 жылы 8 мамырда өмірден өтті.

Литвинов Петр Дмитриевич
(1916-1943 жж.)

П.Д. Литвинов Көкшетау облысы Володар ауданының Люботино селосында туған. 12 жаста болған кезде, ата-аналары Талдықорған облысына, кейін Алматы қаласына көшіп кетті. Онда оның 4 ағасы мен әпкесі қазір де тұрады.

Петр Дмитриевич 1941 жылдың 22 маусымында КСРО-ның шекарасында гитлершілдерге қарсылық көрсеткендердің қатарында болды. Ұлы Отан соғысы кезінде 2-ші Украин майданының 12-атқыштар полкінің миномет ротасы бөлімшесінің командирі болып қызмет етті. 1943 жылы 22 маусымда Литвинов өзінің алғашқы қаһарман ерлігін көрсетті. Днепрдің оң жағасында шайқас басталғанда, Литвинов қысқа атуларымен жаудың ату көздерін жойды. Фашистер долданып қарсыласты. Олардың оннан астам бомбалаушылары әуеден атқылады. Қарсыластың жаяу әскерін ауыр танкілер қорғады. Ұрыс шебінде жаудың оғы қарша бораса да, гитлершілдер кеңес жауынгерлерінің достық тегеурінін тоқтата алмады. Сержант Литвиновтың аяғына фашистің оғы тиді. Бірақ оған қарамастан, Литвинов санақты басқара берді. Ол шабуылдағандарды қоршауға алмақшы болған, жақындап келе жатқан фашистерді байқады. Ойланып тұратын уақыт жоқ, фашистер жақындап келе жатты. Петр өз өміріне қауіп төндіріп, минометін жерге қойып, бір қолымен оны ұстап отырып, басқасын ұңғылы миналармен толтырды. Гитлершілдер алдымен жерге жата қалды да, сосын қашты. Фашистік пулеметшілердің тоқтаусыз атуларынан ең шешуші кезде жауынгерлеріміз жерге жата қалуға мәжбүр болды. Шептегі қауырт жағдайды сержант Литвинов шешті.

- Отан үшін! Алға! -деген Литвиновтың шақырған ұраны естілді. Кеңес жауынгерлері «Уралап» жауға қарай ұмтылды. Жаудың қарсы шабуылы тойтарылды. Осы шайқаста Отан алдындағы борышын атқарған біздің жерлесіміз Петр Дмитриевич Литвинов қаза тапты. Гитлершіл баскыншыларға

қарсы күресте батылдық пен қаһармандық танытқаны үшін Литвиновқа 1943 жылғы 20 желтоқсандағы КСРО Кеңес Президиумның Жарғысымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Саумалкөл селосы көшелерінің бірі оның есімімен аталады.

Некрасов Василий Александрович (1924-1987 жж.)

В.А. Некрасов 1924 жылдың 21 қыркүйегінде Көкшетау облысы Володар ауданының Карловка селосында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Ұлтты орыс. 6-сыныптық білімі бар. Спаск-Дальний қаласында цемент зауытында жұмыс істеді.

1943 жылдан бастап Кеңес Армиясының қатарында болды. 1943 жылдың қыркүйегінің соңында Городчан селосының жанында жанданған шайқаста қарсыластың қайыра шабуылына қарсы тұру кезінде 360-атқыштар полкының автоматшысы болған қатардағы комсомол Некрасов автоматынан атқылап, жақындап келе жатқан гитлершілерді жығылуға мәжбүрледі. Содан кейін взводтың жауынгерлері шабуылға ұмтылды. Некрасовтың өзі ғана 12 фашистің көзін жойды. 1943 жылдың 16 қазанында оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал, 1944 жылы кіші лейтенант курсын бітірді.

1972 жылдан запастағы полковник. Краснодар қаласында тұрды. «Ленин», «Александр Невский», «Қызыл Жұлдыз» және Ұлы Отан соғысының I дәрежелі ордендері мен медальдарымен марапатталды. 1987 жылдың 25 шілдесінде өмірден қайтты.

Саумалкөл селосы көшелерінің бірі оның есімімен аталады.

Скнарев Александр Ильич
(1912-1944 жж.)

А.И. Скнарев Көкшетау облысы Володар селосында туған. Комсомолға бірінші 5 жылдықтың қарсаңында кірді және ЦК ВЛКСМ Донбасқа шахталар құрылысына барды. Осыдан комсомолдық жолдамамен теңіз ұшқыштары мектебіне түсті. Тынық мұхиты флотында борышын өтеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде гвардия майоры, штурман болды. Ұшқыш Александр Скнарев майданға жіберуді сұрайды. 1942 жылы оны Солтүстік флотына жібереді. Ол жаудың 6 кемесін жоюға қатысады. Ауадағы соғыста жаудың 2 ұшағын құлатады, 1944 жылдың 16 қарашасында барлаушылар 3 ірі транпорт жылжып келе жатқанын жеткізді. Ауада 14 истребительдер. Гвардия полкінің командирі, полковник Сыромятников В.П., гвардияның штурманы, майор Скнарев А.И., атқыш-радист Асеев Г.С. болған суасты минасын тасушы бірінші болып шабуылды бастады. 130-дан артық неміс қарулары от жаудырды. Бас суасты минасын тасушы жанып кетті, бірақ отқа оранған машина фашистік көлікке қарай беталды. Соңғы секундқа дейін Сыромятников пен Скнарев радиомен басқа ұшақтардың іс-әрекеттерін басқарды. Кемеге 400 метр қалған кезде, суасты минасын тасушы өзінің оғын жіберді. Фашистердің үш кемесі мен 10 соғыс корабльдері суға батырылды, жаулардың 6 истребительдері жарылды.

1944 жылы 5 қарашада КСРО-ның Жоғарғы сотының Президиумы суасты минасын тасушы экипажының барлық мүшелеріне, сонымен қатар гвардияның штурманы майор А.И. Скнаревке Кеңес Одағының батыры атағын берді.

Саумалкөл селосының бір көшесі оның есімімен аталған.

Чепрасов Михаил Максимович
(1924-1943 жж.)

М.М. Чепрасов Көкшетау облысы Арықбалық ауданының Шалқар селосында туған. Бала кезінде әкесімен бірге Торғай облысындағы Сарқанд селосына көшіп кеткен.

1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, майдандағы Орловск-Курск бағытында қызмет ететін атқыштар бөліміне жіберілді. Қатардағы Михаил Чепрасов өзінің алғаш ерлігін 1943 жылдың шілдесінде Орел қаласының қасындағы Поныри станциясына жақындау кезінде көрсетті. Ұрыс қатыгез болды. Фашистер кеңес бөлімдерді қоршауға алушы болып, өздерінің танк күштерін әр жақтан қаптатты. Біздің жерлесіміз гвардияның кіші сержанты Петровтың зеңбірек санағы құрамында дұшпанға қарсы соғысты. Ұрыстың қиянкескі кезінде, кеңес әскерлерінің позицияларына неміс танкілері жақындағанда, артиллеристер қорғанысымыздың алдынан зеңбірекпен атқылай бастады. Оқтың дауылы тоқтамай кетті. Фашистердің кейбір танк шабуылдарына біздің батарея жауынгерлері қарсы тұрды.

Ашынған гитлершілдер жаяу әскер ротасының шабуылға шығуының алдында, олар ержүрек жауынгерлерімізді қалай да өлтіруге ұмтылды. Қарсыластың күші басым болғанына қарамастан, кеңестік зеңбірек санағының бұл шабуылға да қарсы тұруға батылы мен жігері жетті. Петровтың басқаруымен батареяның 5 жауынгері батыл шайқасты. Бұл ұрыста жүзден астам фашист қаза тапты. Біраздан кейін фашистер танкілерін тағы да шабуылға жіберді. Жарақаттанған батырларымызға фашистердің үш «Тигр» танкісі әр тараптан жақындап келе жатты.

